

П И О Н Е Р



ОБЯЗАТЕЛЬСТВО

АПРЕЛЬ

1948 ЖЫЛ

№ 4



Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

АПРЕЛЬ 1948 ЖЫЛ

Шығуына 10 жыл



СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

Соғыс бітісімен-ақ совет өкметі халық шаруашылығының барлық салаларын, оның ішінде, әсіресе, ауыл шаруашылығын жедел қалпына келтіру, өркендету қамына кірісті. Өйткені ауыл шаруашылығы неғұрлым тез қалпына келтіріліп, өрлеу жолына түссе, еліміздің бүкіл шаруашылығы соғұрлым ойдағыдай дамып, халқымыз соғұрлым ауқатты, жақсы тұратындығы айқын еді.

Осы мақсатпен өткен жылы февраль айында Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитетінің пленумы соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы қаулы алды. Мұнда қысқа мерзімнің ішінде халыққа керек азық-түлікті, өнеркәсіп орындарына хажет шикізатты мол өндірудің нақтылы шаралары белгіленді.

Партияның Орталық Комитетінің тарихи қаулысынан кейін көп кешікпей ССРО Жоғарғы Советі Президиумының «Бидайдан, қара бидайдан, жүгеріден, қант қызылшасынан, мақтадан мол өнім алған колхозшыларға, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлеріне Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы, ССР Одағының ордендары және медальдарымен наградтау туралы Указы жарияланды.

Сонымен бұл Указда белгіленген шарттарды толық орындаған егіншілерге жыл сайын, ауыл шаруашылық жылының қорытындылары шыққаннан кейін, Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, ордендармен, медальдармен наградталатын болды.

Улан байтақ Отанымыздың колхозшы шаруалары егіннен мол өнім алу жорығына аттанды, бұл жолдағы бүкіл халықтық социалистік жарыс кең өрістетілді.

1947 жылы Қазақстан еңбекшілері социалистік егіс даласында зор табысқа жетті. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке жоспардан тыс екі миллион пұт астық тапсырылды. Бұл, әрине, колхозшыларымыздың, МТС-тер мен совхоз қызметкерлерінің — сендердің ата-аналарыңның, апа-ағаларыңның қажырлы еңбегінің нәтижесі еді, балалар.

Бұл күндері республикамыздың барлық еңбекшілері асқан зор қуанышқа бөленуде. Қазақстанның егіс даласындағы еңбекте үздік шыққан, қара бидайдан, бидайдан, мақтадан, қант қызылшасынан мол өнім алған 190 адамына ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ең жоғарғы атақ-даңққа бөленген ұлдары мен қыздарын халқымыз зор мақтан етеді. Бұлар егіннен мол өнім алу жолындағы күрес майданының ерлері. Бұлардың ішінде тракторист те, мол өнімші звено бастығы да, қатардағы колхозшы да, агроном да, қант қызылшасын өсіруші де, колхоз председателі де, аудандық партия комитетінің секретары да бар.

Жас пионерлер өздерінің батыр туысқандарының қармандық ісіне сүйсініп, қуанышына ортақ боп, оларға пионерлік жалынды сәлем жолдайды. Социалистік Еңбек Ері атанған ата-аналарына, апа-ағаларына «Оқу жылын ойдағыдай бітіреміз. Жазғы дем алыс кезінде сіздердің бйыыл да егіннен мол өнім алу үшін күрестеріңе үлес қосамыз», — деп уәде береді.





ЛЕНИН

туралы дүңіжелер

А. КОНОНОВ

Т Ы Ң Ш Ы

Ленин 25 жасында алғашқы рет шет елге барды. Онда ұзақ болған жоқ. Ол осы сапарында Патша үкметі оқуға тыйым салған бірнеше кітапты Россияға ала қайтты. Бұл кітаптарды ол кісі өзі оқыған болатын, әйтседе, істес жолдастары да оқысын деп ала қайтты.

Бұл кітаптарды шекарадан қалай алып өту керек? Ең қолайлы жол: чемоданның ішінен қос қабат екі түй жасап, кітаптарды астыңғы қабатына салу еді. Бірақ, мұның бір жамап жері жүрттың бәріне белгілі әдіс болатын. Бұл әдісті патша чиновниктері де жақсы білетін. Олар шекарада жолаушылардың заттарын тінтіп қарағанда, кейде чемоданның түбіне жүдырығымен түйін тоқылдатып көретін. Егерде чемодан жалаңқабат болса дүңкімі бір түрлі де, қос қабат болса бір түрлі естілер еді. Ленин ойлап келіп ақыры қос қабатты чемодан алып, кітаптарды соған салуға ұйғарды, басқа лажын таппады. Патша чиновниктері барлық затты тіміскілей бермеуі де мүмкін ғой.

Бірақ, оқыйға басқаша болып шықты. Шекарадағы қызметшілер чемоданның түбін тоқылдатып көріп, әлде қайда алып кетті. Владимир Ильичтің паспортын да қоса әкетті. Тегінде, жасырылған затты тексеріп қарамақ болар. Ленин: «қолға түскен-ақ шығармын енді» деп ойлады. Бірер минут уақыт өтті, чемоданды бұрынғы жүйінде, ештеңесіне тиместен қайтып әкелді. Мұны қалай түсіну керек? Тегін чемодан емес екенін чиновниктің шынымен-ақ аңғармағаны, сезбегені ме?

Ол кезде патша өкметінің жалдамалары былай істейтін: Егер шекарада қос қабатты екі түбі бар чемодан қолға түссе, несін бірден ұстап қамауға алмайтын, ол кімге жолырады, кімге келген, үйінде кімдер болады. Міне, әуелі осыларды бақылауға кірісетін. Сөйтіп, біліп алып жалғыз оны емес, көп адамды ұстайтын.

Шамасы, Владимир Ильичті де осылай ұстамақ болса керек.

Ленин Петроградқа келді. Ізіме түскен ішкім жоқпа екен деп төңрегін көз сала бастады. Әлден уақыттан кейін сұр пальтолы, елтірі бөрік киген тапалдау келген, көзге елеусіз бір адамсымақты көрді.

Алғашқы бетте бұл адам Лениннің соңынан жүріп келе жатты. Ленин бір жерге тоқтап аялдап еді, ол көзден ғайып болды. Ленин қайтадан жүріп, артына бұрылып қарап еді, сұр пальтолы жаңағы адам да арт жағында келеді екен.

Ленин енді қасақана кідіруді шығарды. Газет сатушыға келіп газет алады, қалтасын ұзақ уақыт ақтарып, уақ ақша іздейді, немесе, магазиннің алдына келіп тоқтайды, әйнектің арғы жағына қойылған кітаптарды қараған болады. Сөйтіп тұрып тыңшы не істер екен деп бақылап қояды. Тыңшы, көбінесе, қақпалардың ішіне кіріп, бой тасалап, күтті де жүрді. Ленин қақпаларды жанамалап өтісімен-ақ тыңшы да жылт етіп артына шыға келеді. Сөйтіп, тағы да Владимир Ильичтің соңына түседі.

Міне, Ленин шалқасынан кең ашылған үлкен қақпаны көрді. Қақпа жанында бес қатарлы үйдің көшеге шығатын есігі бар екен. Есік ашық көрінеді. Одан корзинка көтеріп бір әйел шықты да, көше бойлап әлде қайда бет алды.

Ленинге дереу бір ой сап өте қалды, оның нәтижесін алда көреміз.

Ол күтпеген жерден кенет кілт тоқтады. Тыңшы ішке кірді. Қандай ептімін, ешкім мені аңғарған жоқ, деп ойлады ол. Күні бойғы дағдысымен аулаға кіріп алып, сонда кідіре тұрмақ болды. Ал Ленин қақпаға жете берді де, жалт бұрылып дереу көшеге шығатын қасындағы есікке кірді. Есіктің сыртында, терезе алдында күзетшінің орындығы тұр. Ол, неге екені белгісіз, бос қалыпты. Ленин орындыққа отырып алды да, терезеден қарады. Тыңшы бірден шыға қоймады, тегінде, өзіне сенімі зор болса керек, қақпадан шығуға асығар емес. Ақыры, әлден уақыттан кейін шықты да, аңырып тұрып қалды ол. Ізіне түс деп тапсырылған революционер қайда кеткен, жел боп ұшып кеткен бе? Тыңшы тротуарда мелініп тұр. Ленин орындықта шексілесі қатып күліп отыр. Сұр киімді адамсымақтың ұсқыны қашып кеткен.

Дәл осы кезде тысқа шығатын баспалдақпен бір күжбан адам маң-маң басып түсіп келе жатты. Ол күліп отырған Ленинге таңданған пішін білдірді де, терезеден көшеге көз салды. Оның шамалауына көшеде кісі күлерлік іштен байқалмады. Күжбан адам тысқа шығып тротуарға тоқтады. Сұр пальто киген адамсымақтан басқа айналада ешкім көрінбеді. Ол өн-

ді әлгі адамсымақтың жанына келіп, үңіліп қарай бастады. Ал, ол ыңғайсызданып, ұялғаннан кетіп отырды. Сөйтіп, тыңшылар да кейде дегеніне жете алмай, сап соғып маскара болушы еді.

Владимир Ильич тыңшылардан міне осылайша күй-тылған еді.

Тыңшы кеткеннен кейін:

— Айладан да өтер айла бар, — деп күлді ол.

ЕҢ НЕГІЗГІ ТҮЙІН

Ленинге қастық жасалғаннан кейін оны түрлі қауіп-хатерден сақтап, күзетіп жүретін болды. Бірақ кейде ол өзі жалғыз жүріп қала аралағысы келетін. Ондайда күзетшіден сытылып шығып та кете білетін.

1919 жылдың қысында машинамен кешке қарай Сокольникке келді. Ол кезде ондағы орман ішіндегі мектепте Надежда Константиновна тұратын.

Владимир Ильич шоферді таңертең келерсің деп қайырып жіберді.

Ленин түндеletin Кремльге жаю тартты. Мұндай серуенді оның жаны сүйетін.

Көшелер жым-жырт, тым-тырыс, көгілдір тартып мүлгін тұр. Жатылмаған шамдар үйілген қар үстінде қарауытады.

Шам жарығы тек аптектерде ғана көрінеді. Осы аптек терезесі алдында Ленинге біреу кездесті. Бұл ер-ғыс заводшының жұмысшысы еді. Ол кешкі сменада жұмыс істеп, шаршап үйіне қайтып келе жатты.

Владимир Ильичпен ол нақ аптек жанында қатар келіп қалды. Терезеден түскен шам жарығында жұмысшы Ленинді танып қойды.

Ол тұра қалды.

Жаулардың Ленинге оқ атқанына да көп уақыт өткен жоқты. Міне, қыбыр еткен жап жоқ, оңаша көшеде ешбір күзетсіз ол жалғыз өзі келеді.

Жұмысшы көп ойлап тұрмай Ленинмен ілесіп жүрді. Бірақ, Владимир Ильич сезбесін деп ол көшенің екінші жағына шықты. Ленин алда, жұмысшы жыйырма қадамдай артта, оны күзетумен келеді. Осы бетімен скеуі бүкіл қаланы аралап шықты.

Міне, енді олар Қызыл алаңға, Кремльге де келіп жетті. Ұзақ жүрістен шаршаған болса керек Ленин басынан құлақшынын алып, қалтасындағы орамалымен маңдайын сүртті.

Қалтасынан орамалын алған кезде бір жапқа қағаз ере шығып, жерге түсті, тегінде, бір нәрсе жазылған қағаз болу керек.

Владимир Ильич мұны аңғарған жоқ, ілгері жүріп кетті.

Жұмысшы қағазды алды да, Ленинге келді.

— Владимир Ильич, мына қағазды түсіріп алдыңыз, — деді де оны Ленинге ұсынды. Ленин қағазды алып:

— Рахмет, — деді.

Жұмысшы кетпеді. Ол тағы да бірдеме айтпақ болса керек, бірақ жүрегі алып-ұшып, аузына сөз түспеді.

Ленин жұмысшының қолын алып, қатты қысты да тағыда:

— Рахмет, жолдас, — деді.

Жұмысшы өзінің шаршағанын да ұмытып, үйіне қалай жеткенін де білмеді. Ленинмен кездескенін, оны күзетіп Москваны аралап шыққанын жолдастарына айтуға асықты.

Келесі күні ол жұмыстан кейін достарын жыйып алып, көргенін баяндауға кіріеті. Бірақ, қанша келістіріп айтайын десе де сөз кестесіп таба алмады. Ол Лениннің киген киімін, жолда қағаздың қалай түскенін, оны қалай алғанын айта бастады. Алайда, көкейдегі сөзін жүйелен еркін жеткізе алмады, айтқаны өз көңіліне де қонбады, оның көңіл күйі тіпті басқаша еді.

— Лениннің басындары құлақшыны, — деді ол, — дәл менің малақайым секілді, тек менікі жипрендеу де, ол кісінің құлақшыны қара екен.

Содан кейін өз қолына қарап тұрып сөйледі.

— Владимир Ильич менің қолымды қысып: «Рахмет, жолдас», — деді ғой. Айтпақшы ұмытып кетіп-пін-ау, үстіндегі қара пальтосы ұзындау деуге болады, қайырмалы қарақұл жағасы бар екен...

Бұрыл мұртты, суық жүзді қарт слесарь оның сөзін бөліп:

— Сен құлақшың, пальто, қайырмалы жаға дей бергенше, ең түйіндісін айтсайшы, — деді.

Өңгімені аз бөгеліп ойлап да, былай деді:

— Ол кісі маған рахметті не үшін айтты? Қағазын тауып бергені үшін дейсің бе? Тіпті, ол керекті жоқ қағаз болуы да мүмкін. Ленин керек қағазды жоғалтпайды, оған алаң болмай-ақ қой, достым. Ендеше, менің сөзім — қағаз жөнінде емес... Ол кісі менің түнде күзеткенімді білді ме, жоқ па? Мұны айта алмаймын.

Жұмысшының өңі өзгеріп, қолын сілтеп:

— Кешіріңдер, достарым! Ең негізгі түйінді айта алар емесің. Бұған табар сөзім жоқ, — деді.

Ал жолдастары Ленинді өз өмірінен де бөтер сүйетінін түсінді оның.

Ең негізгі түйіннің өзі осы еді.





В.Г. БЕЛИНСКИЙ

1811-1848

БАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ШӘКІРТТІК ШАҒЫ

Ұлы орыс сыншысы, революцияшыл демократ, жалынды публицист Виссарион Григорьевич Белинский 1811 жылғы июньнің онекісі күні туған. Әкесі Григорий Никифорович ол кезде Балтықтағы орыс-теңіз флотының екінші базасы Свеаборг қамалында әскери дәрігер болып істейтін.

Кішкене Виссарионның алғашқы бес жылы осы Свеаборгте өтеді. Солтүстіктің көгілдір көкке бойлаған өркеш-өркеш таулары, биік-биік ақ шоқылары, көкжал толқынды асау өзендері, қар бораған қаһарлы қысы оған жастайынан-ақ ерекше әсер етіп, табиғат дүниесінің келісті көркі көңілінде белгілі бір із қалдырады. Қызмет бабымен Гельсингфорсқа барып тұратын әкесі оны қасынан қалдырмайтын, ылғый жанында ұстайды. Сөйтіп, ол ес білген етек жабар шаққа жетер-жетпесте-ақ дүние көрін, жер танып бастайды. Жаратылысынан зирек, ұрымтал баланың көңілге түйер, ойға алар жақпалары әр алуан өмір құбылысы, айналадағы тіршілік бейнесі болып келеді.

Ол қаршадайынан-ақ үй ішінің дайым қаржасын, үнемі шарпысқан қалың, ата-анасының дурдіараз күйін көрумен өседі. Өмірдің осындай күйкі көрінісі жүрегіне найзадай қадала бергендіктен бе, әлде оңаша отырып ой соңына еруді жаны сүйегіндіктен бе, әйтеуір, сондайда өзімен өзі болатын, бейуақ ойға батып, теңіз жағасында ұзақ отыратын да алысқа көз тігетін. Сонда оның көз алдына қорғасын көк теңіздің арғы бетіндегі тамаша қала, туған елі Россияның астанасы келе қалатын. Осынау көркем қаланың атын ол үлкендер әңгімесінен талай есіткен еді.

1816 жылы Белинскийдің үй іші өздерінің бұрынғы туып-өскен жеріне — Пенза губерниясының Чембар қаласына көшіп келеді. Григорий Никифорович уезд дәрігері болып орналасады.

Баласының ақылдылығын, зейінділігін, сезімталдығын аңғарған әкесі оны басқа балаларынан артық саған, тоның ішкі бауындай көреді. Ол Виссарионы (Виссарионды үй ішінде солай атайтын) қалған екі ұлым Константин мен Пиканорға, қызым Александраға қарағанда өзіме тартқан балам дейді екен. Шы-

пында да, ол бет әлпеті, мінез-құлқы жағынан алғанда әкесіне мейлінше ұқсаған көрінеді.

Ал шешесі Виссарионды дұрыс тәрбиелеп өсіруге онша көңіл бөле қоймаған адам болыпты. Ол кісінің өзі бала тәрбиелеу дегенді тек кіндіріп, ішкідіру мағнасында ғана түсінетін, өрісі тар әйел болғанға ұқсайды. Міне, оның ата-ана жайы осындай болыпты.

1820 жылы Чембарда уездік училище ашылып, Виссарион соған түседі. Бірақ мұнда оқыту, тәрбие жұмысына оның көңілі толмайды. Сабақ уақытымен отыр тұрмайды, шәкірттерді жөн-жосықсыз ұрып-соғу көп.

Бір ғажал нәрсе, осындай жағдайда жүрген Белинский бір минутты да босқа өткізбей көбінесе өз бетімен білім алуға, кітап оқуға салынады. «Кішкене кезімде-ақ, уездік училищенің шәкірті болып жүрген күннің өзінде-ақ мен Карамзинның, Дмитриевтің, Сумароковтың, Державинның, Херасковтың, Петровтың, Богдановичтың, Крыловтың және басқаларының өлеңдерін күн-түн демей, ерінбей, жалықпай, талғаусыз көшірумен талай дәптердің бетін толтырушы едім...» деп жазды ол кейін балалық шағын еске алып.

Оның ой өрісінің кеңейіп, білім қорының молаюына осындай әдебиет кітаптарын көп оқу зор пайда келтіреді.

Чембар училищесін тексеруге келген инспектор, кейін тарихи романдарымен атағы шыққан П. Лажечников деген кісі өзінің жас Виссарионмен кездескенін, бұл кездесудің оған қандай әсер еткенін айтады. Оның сырт пішінін суреттей келіп, емтихан үстінде білімділігімен, батыл ойлығымен айрықша көзге түскенін әңгімелейді. Берілген сұрақтарға әрі оңай, әрі шапшаң жауап қайырып отырды, оның сұраққа шүйілуді тоят тілеген түйғының шүйілуіндей екен, сондықтан мен оны түйғын деп атап кеттім. Мүдірлер деген оймен әр пәннен үсті-үстіне жидірмелете сұрақ қойсам да, шалдыртпай өте шықты... Мен Белинскийді құттықтап маңдайынан сүйдім де, жалмажан кітапханадан бір кітап алдырдым. Сыртына

«Оқуда тамаша табысқа жеткені үшін Виссарион Белинскийге сый ғып тартамын» деп жазып бердім. Лажечников осылай дейді. Бұл оқыйға 1823 жылы болған.

Екі жылдан кейін, 1825 жылы Белинский Чембар училищесін бітіріп, Пензадағы ер балалар гимназиясының бірінші класына түседі. Мұнда да ол жақсы оқыйды, әсіресе латын тілінен ыңғай «жақсы», «өте жақсы» баға алып жүреді. Білімге, кітапқа құмарлық арта береді. Бір жағы театр өнерімен әуестеніп жаңа спектакльдің бірде-бірін бос жібермейтін болады.

Виссарион гимназиядағы өткір тілді, сықаққой шәкірттің бірі болса саналады. Бір күні Латышов дейтін топас, жалқау, бала латып сабағы үстінде оқытушының сұрағына ләм-мем деп жауап бере алмай қалады. Сонда оқытушы тұрып: «Япырай, Латышов-ай, сенен бірдеме шығару қиын болды-ау, қаншама көтермелесем де, себі тимей-ақ қойған екен...» депті. Соны ести сала Виссарион табан орында:

Мақтағанмен қаншама,

Есек аты есек қой.

Салпаң құлақ не білсін,

Басында жоқ ақыл, ой — деген екен. Ба-

лалар ду күлісіпті. Оқытушы: «Белинский! Тіліңізді тарта сөйлеңіз!» деп зекіп тастапты.

Виссарион гимназияның бірінші, екінші кластарында тең құрбының алдын бермейтін озат шәкірт болады. Үшінші класқа көшірілерде оған арнаулы наград беріледі. Алайда ол гимназияны толық бітіре алмайды, өйткені оның ойынан жатса-тұрса университет шықпайтын. Гимназия оқуына салқындау қарап, сабаққа да сирек қатысып жүреді, 1828 жылдың күзінде Москваға кетем, деген ниетпен емтихан тапсырмай, соңғы класқа көшпей қалады.

Бірақ Москваға бару арманы орындалмады да Виссарион Пензада, сол гимназияның сол үшінші кла-

сында қайта оқуға тура келді. Бұл жағдай оның гимназияға онан сайын суынуына әкеп соқты.

Дегенмен, ол бұрынғына арымай-талмай көп оқып, кітапқа жиі үнілетін еді. Сол кезде шығатын журналдардың ол оқып көрмеген номерлері жоқ болатын.

Қысқы демалыста үйіне, Чембарға қайтқан Виссарион Пензаға оралуды біржола қойып, қалған жарты жылды өз бетімен дайындалуға арнамақ болады.

Училищеде жүрген кезінде өлең, гимназияда оқып жүрген шақта повесть жазып көргенмен, бұл екеуіне де ыңғайы жоқтығын анық байқаран Белинский өмірін енді ғылымға бағыштауды лайық табады.

Кемтарлық, жоқшылық құрсауын үзе ұмтылған жас жігіт 1829 жылдың август айында Москваға аттанады. Қолында тұран күні туралы куәлігі болмаған соң, оны Москва заставаһы қалара өткізбей қояды. Бірақ, қасындағы жама ағайының қызметшісі едім деп, зорға рұқсат алады.


Жаңарыдай куәлігі жоқ болу себепті оның университетке кіруі де мүмкін емес еді. Сондықтан ол Чембардағы ата-анасына хат салып: «Тәңрі жарылғасын: куәлікті тезірек жібере көріңдер, онысыз күнім қаран» деп жазады.

Бір күні куәлік те келіп жетеді. Бірақ мұның да өзінше бір қолайсыз жері бар еді. Куәлікті жазған писарь «Белинский» деп жазудың орнына (шынында олардың фамилиясы осылай жазылуға тиісті еді, өйткені әке фамилиясы тұран селосы Белинскийдің атымен аталған ғой) «Белинский» деп қойыпты. Виссарионның да солай жазылуына тура келді.

Августың отыз бірі күні қабылдау сынынан өтіп, Виссарион Белинский студент табелін алды. «Сәйтіп мен енді студентмін, XIV кластамын, сапы ұстап, үн бұрыпты қалпақ киюге хақым бар» деп жазды ол үйіне салған хатында.

Ол аңсаған арманына осылай жетіп еді.

С. СЕИТОВ.



Е К І Д О С

Онбір жасар Орынтай,
Шаңғы досын алды да.
Деді тұрып: «япырмай,
Рас, қыс өтіп қалды ма?»

Сенбегендей күмілжіп,
Білді қыстың өткенін.
Күн артынан күн жылжып,
Жаздың келіп жеткенін.


Бұзылып қар таудағы,
Су ағады сарқырап.
Бардай өші, алмағы
Күн қызады жарқырап.

Мұны көріп Орынтай,
Деді: «Қыс тез өте ме?
Түсіндім, я, бұл солай,
Жаз келмей қыс кете ме?»

Сүртіп, майлап шаңғысын
Алғандай-ақ сүйіп те,
Айтып досқа алғысын,
Іліп қойды биікке.

Қапаланбай түр бұзып,
Қарай берді досына.
Шықырайып күн қызып,
Қар еріді жосыла.

Мұқаш СӘРСЕКЕЕВ.
Алматы, ҚАЗПИ.



(ПОВЕСТЬ ЖАЛҒАСЫ).

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

III

Талғат майдандағы авиация құрамасына келеді. Майданның алдыңғы шебіндегі штурмовиктер полкіне баруға рұхсат алған күнгі оның қуанышы шексіз еді. Көптен күткен арманы — өзінің қабілетін сынау арманы, «енді мен ұшқышпын» деп ауыз толтырып айтар сағаты жақындап келіп көз алдында тұрғандай болды. Ол өзінің алған білімі мен тәрбиесінің қаншалықты екенін, көптен талпынған нысанасына жеткен-жетпегенін хауіппен хатерге бетпе-бет келіп сынамақ. Оның жүрегіндегі осы қуаныш сыртқа теуіп, қоңырқай беті ала бүртып белгі беріп тұр. Оған қоса ызамен кектің оты көрінеді. Ол өзінің мектепті бірге бітірген досы Сергей Иванович Сафоновпен бірге аяғын нық басып келіп, майданға жүретін машинаға отырды.

Қалязин қаласынан шығып Лихославльға бет түзеген жеңіл машина үлкен тас жолмен сырғып келеді. Машинаның рулі мықтап ұстап, түй-тура алдына қарап отырған шофердан басқа екеуі жан-жаққа көз тастап, қарлы қара орманды, ақ көрпесін айқара жамылған алаңдарды шолып тамашалап отыр. Бірақ, қалың қайың, ақша қардан басқа көз тартар көріністер жоқ еді бұл маңайда.

Қалязин қаласының төбесі қылтыйып артта қалып бара жатты. Сергей қайта-қайта артына бұрылып қарай берді.

Талғат оның көңілін басқа жаққа аудармақ болып: — Сергей, біз күліп үйренген жандар едік-ау! — деді.

— Я, біздің халқымыз күле біледі. Біздің ісіміз елді күлкісінен, жасты салтанатынан ажыратпау...

— Біз сүйіп үйренген, күліп үйренген жандар едік-ау, Сергей! — дегенді Талғат қайталап айтты.

— Енді біз жек көріп, жауға лағнат айтып та үйренуге тиістіміз, — деді Сергей.

— Жауды жек көрген адам оны жеңе де біледі, — деді Талғат өзінен-өзі қыза сөйлеп, нақ біреу онымен олай емес, деп таласып тұрғандай-ақ.

Сафонов Талғаттың сөзінде жастықтың әсері, жасанды сөз бар деп түсінсе де, ойы таза, пікірі бар, жақсы жолдас, үмітті серік деген түйінді ойға келген еді.

Екеуінің қызу әңгімесін алыстан талып естілген мотор дауысы бөліп жібермегенде, созыла беруі ғажап емес еді. Алыстағы бірте-бірте жақындай түсті. Бұлардың байқауынша мотор дауысы біздікі емес. Демек, үеміс.

— «Мессер» — деді Сергей.

— «Мессер»...

— Тоқтат машинаны, әнін әбден үйреніп алайық, кездескенде керек болар — деді Талғат. Оны мұншалықты сөз тапқыр деп ойламайтын Сергей мырс етіп күлді де, аспанға қарады.

Қаздай тізілген алты самолет жақын жердегі совет аэродромына бет алып ұшып бара жатты.

— Қарақшылар бомбалауға барады... деп тістемді Сергей.

Аэродромнан жау самолеттеріне қарсы көтерілген совет истребительдері күн астына қарай жоғарылай берді. Олардың қайда бара жатқанын бұлар түсіне алмай, көрмеді білем деп өкінді. Жоқ, көрмеген емес, бұл Луганский бастаған эскадрильяның айналасы еді. Жау самолетінен әлдеқайда биікке шығып алып, төмен қарай бүркітше түйілген «Як», күзгіндар тобына ойламаған жерден шабуыл жасады.

— Әне, әне, жарайды сабаздар, — деп екеуі бірдей айқайлап жіберді. Талғат өзі сол «Як»тың үстінде ұшып бара жатқандай.

— Көрермін енді, көрермін енді, — дегеннен басқа ешнәрсе аузына түспеді.

Ауадағы соғыс бір сағатқа созылды. Жауға шабуыл бастаған «Як» ә дегенше бір самолеттің жалынын шығарғанын көргенде, екеуі бірдей қол соғып жіберді. Жаудың үшінші самоләті жерге қарай құлап түскенде, қалғандары барлық жүгін орманға тастап қаша жөнелді. Қашқан жаудың соңына түскен үш «Як»тың біреуінің түтіні шығып, жерге қарай құлай бастады. Жерге тақалып қалғанда, самолеттен бөлінген кішкентай ақ нүкте көрінді. Талғаттар машинасына отырып жүріп кетті.

IV

Талғат пен Сергей подполковник Митрофановтың алдына рұхсат сұрап кірді.

— Кіші лейтенант Сафонов сіздің қарауыңызға келдім.

— Аға сержант Бигелдинов сіздің қарауыңызға келдім.

— Жарайды, — деді де подполковник екеуіне кезек-кезек қарады. Ақырында үстінде солдат шинелі бар, аласа бойлы, нәзік қана қара жігітке қадала қарап, көңілі толмағандай.

— Мына, аға сержант сіздің атқышыңыз ба? — деп сұрады.

— Жоқ, жолдас подполковник.

— Енді кім?

— Бұ да ұшқыш.


Подполковник Талғатқа қарап:

— Сен өзің жассың ғой, денең де кішкентай. «Ил-2» сыяқты «ұшатын танкіні» басқару қиын сағатын шығар. Майдандағы біздің жігіттер ғана емес, неміс солдаттарының өзі «Ил-2»ні «ұшатын танк», «ұшатын қамал» деп атайды. Мұндай машинаны меңгеру үшін мектепте оқып шығу жеткіліксіз. Сонымен бірге қайрат, ақыл-айла керек. Жасың қаншада? — деп сұрады.

— 20да, жолдас подполковник.

— Түріңе қарағанда одан да жас деуге болады. Жарайды енді, көрерміз. Бара беріңіз. Ал, жолдас кіші лейтенант, сізге ертең самолет беріледі, — деді.

Подполковниктің сөзі Талғатқа қатты батты. Жалын боп жанған, ұшамын деген талабына, оның жас жүрегі-



дегі қуанышына подполковник суық су құйып жібергендей болды. Ол, әлі таныс емес ұшқыштар түгіл, өзі бірге оқып, бірге келген Сергейдің бетіне тура қарай алмай қалды. Подполковниктің алдынан шыққан жүдеу түрімен кешкі тамаққа бармай, өзіне берілген төсекке барып жатып қалды. Бірталай уақыт оқыған оқу, оның артынан күткен тілек пен жетем деген арман жоққа шықты, барлығы босқа кетті демесе де, бойының аласа, денесінің нәзік болғанына өкінді.

Кешкі тамақтан қайтқан Сергей, даусын өзгертіп тұрып:

— Жолдас аға сержант, мұныңыз қалай, шапшаң орныңыздан тұрыңыз, — деп команда берді.

Талғат орнынан атып тұрып, қарсы қарап тұра қалғанда, қабағын түйіп, ашулы ішінмен тұрған өзінің —Сергейін көрді. Ол Сергейдің мұнысына түсінбеді.

— Подполковник саған да машина беретін болды, қазір барып тамақ ішіңіз, қайтып келген соң сөйлесеміз, барыңыз тез. Аяғың сараң басын сыртқа шыққан Талғат Сергей сөзінің шындығына, не өтірігіне түсіне алмады. Бір жағынан Сергейдің қоқандауына жол болсын, ол енді мені келеке етейін деген болар. Өзі машина алды, енді мені қорлап көрмек қой. Бұл қорлықты көргенше, жаяу әскерге баруға өтініш беремін, — деп ойлады ол.

Талғат тамақ ішіп боп, үйге кіріп келгенде, Сергей сықылықтап күліп жіберді. Талғат қызараңдап ашулана бастады.

— Жасың мен атағың үлкен болса да айтайын, сені мұндай демеуші едім, өзің бір есер жігіт екенсің. Сені дос болып менің қайғыма ортақтасады екен десем, келеке етіп күлесің. Достығың қайда сенің? — деп қыза сөйледі.

— Не қылған қайғы басына төніп қалған? Машинаны бүгін бермесе, ертең береді. Сол да қайғы ма екен? Мен сені келеке етіп емес, балалығыңа күлемін.

— Сен де мені бала дегің келе ме?

— Ісің бала болмағанмен, мінезің бала. Тілегенің самолет болса, әрі кетсе, бір жетіден кейін алатынына кепілдік берейін. Оған дейін дем алып жатпайсың ба?

Соғысуға әлі уақыт жетеді, досым, — деген сөзді Сергей салмақпен айтты.

— Бір жетіден кейін самолет бермесе, жаяу әскерге кетемін.

— Міне, тағы да балалығың.

— Неге маған машина бермейді? — деп Талғат даусын бәсеңдете бергенде, бұрышта жатқан дембелше ұшқыш, басын көтеріп алып:

— Көкке көтерілгенде көрерміз өнеріңді. Асықпа, бала, асықпа, өзің әлі менің бір білегімдей жоқсың, түрің анау арықсың. Тамақ ішіп семіріп, күш жыйнай бер. Подполковник дұрыс еткен, — деп гүрілдей жөнелді.

Талғатқа бұл сөз мірдің оғындай тиді. Таныс емес ұшқыштың мына сөзі қатты батты жанына.

Әлгі дембелше сары ұшқыш осы полктің ішіндегі сөйлемпаз, сықақшыл, бірақ мақтаулы ұшқыштың бірі Бондаренко еді.

V

Талғат Митрофановтың алдына барып, өзінің арызын айтты. Подполковник оның бетіне ұзақ қарады. Талғаттың қабағында қорланған, намысқа шыдамай булыққан адамдарда

болатын кескін барды. Бірақ, ол бұл түрін жасырса да, көрініп тұр.

— Өзің болсаң жассың. Әзірше ұшу техникасын үйрене тұрсың, — деген едім. Өзің тіленіп келген екенсің, қазір сені сынап өткіземін, — дегенде Талғаттың күрең тартқан беті қызарып, көзі жайнап сала берді. Бұл құбылысты айқын сезген подполковник Талғаттың авиацияны жанындай сүйетінін байқады.

— Самолетке отырып көкке көтерілуді сүю бар да, жаумен бетпе-бет келіп шайқаса білу бар. Ертең жауынгерлік тапсырма берсем, орындай аласың ба? — деп сұрады подполковник.

— Қандай тапсырма болса да орындауға дайынмын, жолдас подполковник, — деді Талғат. Подполковник оның бетіне тағыда тесіле қарап:

— Жүр қазір, ұшып көрейік, — деді Митрофанов.

Подполковникке еріп аэродромға қарай беттеген Талғаттың қуанышы шексіз еді. Ол келе жатқанда, жүріп емес, полк командирінің соңында сап түзеп ұшып келе жатқандай еді. Аэродромның нақ ортасына келгенде подполковник 7 номерлі «ИЛ-2» самолетін қолымен нұсқап тұрып:

— Анау машинаға отыр да, 30 минутта аэродромды үш айналып, мына тұрған «Т» нүктесіне қондырасың, бұл саған ең алғашқы жауынгерлік тапсырма болып саналады, — деді.

Аэродромнан шапшаң көтерілген «ИЛ-2» подполковник айтқан мерзімінен әлдеқайда бұрын үш айналып, төмен құйылып қонуға шүйілді. Бұл кезде оған «тағы айнал» деген белгі берілді. Нақ осы бір сағатқа жетпейтін уақыт Талғаттың көптен бергі бір көңілді минуты еді.

Ол сынан сүрінбей өтті. Самолет «Т» нүктесінің үстіне қолмен қойғандай боп қонды. Подполковник оның аса ықшамды, ұшу техникасын білетін, ысылған ұшқыш екенін байқап қалды. Талғат майдандағы бірінші сынан осылай өткен еді.

Полк командирі келісімен жауынгерлік тапсырмамен екі-үш ұшқыш бірігіп сап-сабымен көтеріліп кетіп жатты. Талғатқа әлі кезек жеткен жоқ. Ол тым сабырсыз,

Ушқыш Бондаренко бастаған Сафонов, Бигелдинов жаудың Торопецтегі оқ-дәрі қоймасын талқандауға бұйрық алды. Талғат самолеттің кабиніне отырып, Бондаренконың командасын күтті. Самолеттің кабинінен басын шығарып, қолын жоғары көтергені — Бондаренконың «ал кеттік» дегені еді.

Бұл Талғат пен Сергейдің ең алғашқы жауынгерлік сапары болатын.

Нысаналы жерге жеткенде, алғашқы бомбаны Бондаренко тастады. Жаудың есін жыйғызбай екіншіні Сергей, үшінші Талғат тастап өтті. Төменнен көтерілген көк түтін жаудың оқ-дәрі қоймайсының талқаны шыққанын көрсетті. Бұлар кейін шегіне бергенде, жаудың үш истребителі шабуыл жасады. Қорғаушысыз барған Бондаренко көмек шақырды. Арттан көмек келгенше, бұлар қаша ұрысып, төмендеп ұшып келеді. Сергей Луганский бастаған 6 истребитель жау машиналарын аспан қоршауына алып, тырып еткізбей қойды. Бондаренколар немістердің снаряд тиеген эшелонына шабуыл жасап, жарты сағат ішінде жойып жіберді.

Бензин таусылды. Қайтар шақ жетті. Нақ осы кезде шабуыл жасаушы совет әскеріне қарсы атакаға шыққан немістің 6 танкісін көзі шалып қалған Талғат ақырғы жалғыз бомбасын тастап, пулеметпен атқылап екеуін жойып жіберді. Қалғандары кері шегінді. Совет жаяу әскерлерінің алға жылжуына мүмкіндік туды. Бондаренко Талғаттың икемді, қабілетті ұшқыш екенін білсе де, өзінің бір кездегі Талғатқа айтқан сөзінен ұялып ешнәрсе деген жоқ. Не болғанын полк командиріне баяндармын деп ойлады. Ал, Талғаттың артта қалып қойып, не істегенін ол көрген жоқ.

Бондаренко келе тапсырманың орындалуын, оған қоса бір эшелонның қыйратылғанын, жас ұшқыштың екеуінің де икемді, жардайды түсінгіш, шапшаң екенін айтты. Осы күні Талғат әрбір 15 минуттан кейін тағы да екі рет жауынгерлік тапсырма орындап қайтып отырды. Жас ұшқыштың қызметіне сүйсінген Митрофанов ұшқыштар алдында Талғатқа алғыс жариялады.

VI

— Мынау қала, — деді подполковник Митрофанов айналасында тұрған ұшқыштарды үстелге жақында дегендей қолымен нұсқап. — Бүгін жаяу әскер бөлімдері осыған шабуыл жасап, жаудан босатпақ. Біздің авиация полкіне берілген бұйрық: — Қаланы бомбалап, жаудың объектілерін талқандау. Мұнда әуе қорғануы да, жерден қорғану да күшті. Зенит пулеметтері, танктер алысқа ататын зеңбіректер бар. Жау қамалы берік. Қазір әрқайсыңызға жеке-жеке тапсырма беріледі. Жолдас аға сержант Бигелдинов! Мына жерде жаудың алысқа ататын зеңбірек батареясы, танк ротасы бар, сіз осыны бомбалайсыз, — деп жуан қызыл қарындашпен бір қара нүктенің астын сызып қойды.

Бұл Талғаттың жауынгерлік тапсырманы жеке алып, өз бетімен орындауға бірінші аттануы.

— Талғат тұңғыш сапарың оң болсын! — деп мойнына асыла кеткен Сафонов оны қалың ойдан серпілтіп те жіберді, — Ал, енді қоштасып қалайық. Мен де бір маңызды тапсырма алдым, орындамай қайту өліммен тең болар, достым. Кел сүйісейік!

Штурмовиктер майданның алдыңғы шебіне бет алып көтеріліп барады. Қалың орман төбесінен жоғарылып барған сайын биіктей түсуде. Жаудың алдыңғы шебі. Самолетке атылған неміс зениттерінің оғы көктегі алашарпы бұлттай болып, аспан әлемін түтінмен ыстады. Зенит оқтары самолеттің алдынан, артынан, екі жағынан кезек-кезек жарылуда.

Самолет байтақ теңіздің көк бұйра толқынында жүзген кемедей қайсаңдап биіктеді. Бара-бара биіктей түскен № 7 самолет аспандағы бір шоқ ақша бұлтқа кіріп

кетті. Тағы да бұлттан шыға келіп, батыстан соққан самал желге кеудесін төсеп, қалықтап жөнелді.

Самолет кенет көтеріліп, жоғарғы бір топ бұлтқа енді. Бұлттан суырылып шығып, төмен қарай жұлдыздай ағып бара жатқан қара нүктені самолет деу қиын еді. Ол жерден қарасаң үлкен бір бомба сыяқты: осы бетінде жау батареясының ортасына өзі бомба болып жарылатындай, енді бетін қайта бұра алмастай қыймылы тым шапшаң еді. Жерге жақындап келіп тастаған бомбадан түтін аралас сұр бағана көкке бойлады. Осы бағана арасымен көзді ашып жұмғанша самолет те жоғары көтеріліп биіктеп кетті. Осы әдіспен 6 рет тастаған бомба мен жаудыра атқан оқтан жау батареясының күл-талқаны шықты.

Талғат үшін көктем жерге қарап мұндай шүйілудің ешқандай қиындығы жоқ. Ол кешегі бір кештегі бейбіт күнде Еділге талай-талай шүйлігіп, аспанда еркін самғап үйренген жан. Сол бір кеште оның жаны да нақ Еділдей ерке еді.

Талғат берілген бұйрықты орындап, аэродромға қарай бет түзгенде, жаудың екі истребителі оны ортаға алып қалды. Енді не істеу керек? Төмендесе, жерде атылған зенит оғына тап болуы кәдік. Жоғарыда жүріп екі бірдей истребительге қарай қарсы тұрмақ. Талғаттың бұлтарып, алған бағытынан аумап кете беруіне ырық бермей, жау екі бүйірден шабуыл жасады. Талғаттың алған бағытынан ауытқып кеткені болмаса, жау шабуылы нәтижесіз болды.

жоқ болды. Міне, қалың сұрша бұлтқа кіріп еуініп



— Неміс зениттері тұрған алдыңғы шептен өтсем, төмендеп ұшып бой бермес едім, — депте ойлады Талғат. Самолетті тез бұрып, соңында келе жатқан самолетке ол қарсы ұмтылды. Жау самоләті «сен менің тұтқынымсын» дегендей қақпайлай берді.

— Шынымен-ақ тұтқынға алынғаным ба? Жок, бұл қорлықтан өлген артық, не болса да көрейін, — деп самолетті жерге қарай шүйілтіп, пәрменімен тастап жіберді. Сырттан қараушыға самолет құлап келе жатқан сыяқты еді. Орман ағаштарына таяқ тастам жақын қалды. Ұшқыш кенет самолеттің тұмсығын көтеріп, өзінің тура курсына салды. Бұл әлі неміс позициясының үстінде. Жерден атылған зенит, винтовка, автомат оғынан сескеніп, жоғары көтерілгенде, баяғы екі истребитель тағы да ортаға алып, енді тұтқындау ниетімен емес, қыйратпақ боп құйрық жағына шығып, екі рет атқылады. Үшінші ретте Талғат самолетінің құйрығын оқ жұлпып кетті. Машина қатты шайқалып, төңкеріліп барып қалпына келді. Жау самоләті енді шабуыл жаса-са құтылу қыйын. Қайта соқса машинаның талқаны шықпақ.

Талғаттың ойы неше құбылды. Машинадан ажырап жерге секіруге дәті бармады. Қашып құтыламын деп жау қарауылына ілінуге және көнбеді. Қой бірін қыйратып өлу керек, деп самолетті оңжақ қанатындағы истребителге қарсы бұрып, шабуылға ұмтылды. Сол кезде екі ортаға қанатында қызыл жұлдызы бар «ЯК» келіп киліге кетті. Талғат бұл самолеттің қайдан, қашан келгенін білген жоқ. Бірақ, кенет арқаланып кетті.

— Апыр — ай, өлімге ара түскен бұл кім екен? Ең болмаса самолет номерін біліп қалайын, — деп көзін тіккенмен оқтай зулаған машинадан ешнәрсе көре алмады. Тек ақырын ғана түтіндеп, құлап бара жатқан жаудың бір истребителін көзі шалып қалды. Екіншісі бұрыла қашты. Қашқан самолеттің соңына түскен «ЯК» жоғары көтеріліп, бұлтқа еніп көзден ғайып болды.

Жаудың аспандағы тұтқынынан сытылып шыққан самолет алғашқы екпінімен аэродромға келіп те қалды. Құйрықсыз қалай қону керек? Ендігі хауіп осы.

Аэродромды екі айналып өтті, көз алдынан сонау бір күн — авиацияны жанындай сүйген күні елестеді.

...Саратовтың ұшқыштар мектебінде жауынгер самолетті өздігінен басқару дәрежесіне жетіп, тұңғыш рет «Р-5» барлаушы самолетпен ақ Еділдің үстіне ұшып шыққан күн қандай еді. Қыруар ерлердің енесі болған, орыс халқының кұшағындай кең, орыс ойындай терең,

орыс қыялындай жүйрік, әрі шапшаң, әрі кең алапты, орыс жанындай ақ жарқын Еділ сол бір кеште оған күле қарап қошаметтеген жоқ па еді? Ол ашық аспан аясында күн шұғыласына шағыдысқан күміс қанат қыранмен үстінен ұшып өткен 18 жасар ұланын мақтаныш еткен мейрімді анадай ақ жарқын келбетімен күлімсірел қарамап па еді. Биноклін қолына алып, төменге — Еділге үңілгенде, Еділ суы Сарарқаның даласындай

— Сен жақсы ұшқышысың, — деп арқасынан қағып, кең, тұнық та, тұңғыйық та болып көрінген. Сол кеште: көп алдында қарт генерал алғыс айтқаны қайда? Сапарын баяндауға қарсы жүргенде кұшағын жайып, қарсы алған генерал «жарайсың ұлым» деп бетінен сүйген әкесі Жакыпбектей көрінбеп пе еді? Соны ойлаған Талғат самолетін саспай қондыруға беттетті. Бірақ...

Жерде тұрғандар тым қобалжып, сабырсыздана бастады. Аэродромға бұдан 20 минут бұрын келіп қонған Сафонов, досының өлімін көрмейін деген адамдай бетін басып, теріс айналды. Шынында да нақ осы бір минутта Талғаттың өмірі екі талай еді.

Самолет кеудесін желге тосып, тұмсық жағын көтеріңкіреп, шолақ құйрығын жерге қатты бір соқты да, шонқайып отыра кетті.

— Міне, тамаша, — деді подполковник қолын көтеріп.

Құйрықсыз самолеттің қасына жүгіріп барған топ, Талғатты кабиннен көтеріп алды.

— Мен шынымен-ақ сендердің араларыңда тұрмын ба? — деп самолет жанында тұрған жас жігіттің маңдайы тершіген, өңі шүберектей еді.

Құйрықсыз самолеттің оқ тиген тесіктерін санап жүрген Сафонов:

— Мынауыңның құйрығынан басқа, 8 жарасы бар екен, — деп таңырқай сөйледі.

— Ал, мен арманда тұрмын, — деді Талғат. Осы самолетпен жүргенде бір жігіт мені өлімнен құтқарып еді машина номерін біле алмай қалдым...


Жұрт Талғатқа қарады.

— Ол кім болды екен, ә?

— Киев! Киев! Бүгін сағат бда майданның алдыңғы шебінде жалғыз ұшқан кім, қайтты ма, кім дедіңіз? Сергей Луганский дейсіз бе?

Талғат қалтасынан кішкене қойын дәптерін алып «Сергей Луганский» деген сөзді әдемілеп тұрып жазды да, жанына «жолығуым керек» деген сөзді қоса жазып қойды.

(Жалғасы бар).



ЖАЗОТЫ

(ОРЫС АҢЫЗЫНАН)

Қалижан БЕКХОЖИН

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

I.

Кімдер сүйсе гүлдерін
Өзі сүйген өлкенің,
Соларға айтқан бұл менің
Өсиетім-ертегім.

Ертеден де ерте кез
Заманында қыпшақтың,
Тұрған кезде өлкеміз
Арасында қыспақтың.

Ереуілді болған шақ,
Ер басына күн туған,
Айналасын жау қоршап,
Ел бұғауда бұлқыған.

Жауға шапқан ұлдары
Ата-ананың кегімен,
Көп қағылған шыңдары
Қандар да көп төгілген.

Шаңырақтар шатырлап,
Омырылған бағандар,
Қыпшақ елі қыспақтан
Азаттыққа болған зар...

Болған еді екі жас, —
Білген барлық атырап.
Ерлігімен елге бас
Сұрша менен Атырақ.

Бірі аға, бірі іні,
Өскен бірге қырында,
Сүюші еді жерінің
Басып жүрген құмын да.

Оттай жанған жау десе
Екеуінің жүрегі.
Басқалардан өзгеше
Екеуі де ер еді.

Өлкесіне от салып,
Жау келген соң шатырлап,
Шықты қарсы аттанып,
Сұрша мен Атырақ.

Жолбарыстай екі жас
Жалынды жүз айбарлы,
Сілкінгендей тау мен тас
Жасады зор майданды.

Екеуінің ашуы —
Қара бұлттай көк жүзін
Басқандай, бір тасыған
Атраудың* теңізін.

Найзалары жарқылдап,
Жау үстінде ойнаған,


Ақырып ер Атырақ
Жауды үркітпей қоймаған.

Сұп-сұр болып бұлыттай
Сұрша батыр түйілген —
Жауларына жай тастап,
Ойнақтап жүр күйінмен.

Неше күндер соғысты,
Қандар ақты өзендей.
Өңшең батыр алысты,
Жандарынан безгендей.

Жауды қуды ақырып
Сұрша менен Атырақ,
Соқты жауды жапырып,
Найзаларын қаттырақ.

Кетті Атырақ тым ұзап
Қуып жауды соңынан,
Арттарында қанды із қап,
Алыста шың соғылған.



Кірпік қақпай соғысқан
Қалың жаумен сонша күн —
Сорғалаған ыстық қан
Денесінен Сұршаның.

Қарай қалса бір кезде,
Ашылыпты көк тұман,
Басылыпты лезде
Соғыс оты ұйытқыған.

Күн жарқырап тұр күліп,
Туған жердің көгінен.
Тау басына ту тігіп,
Еркін дем ап ел күлген.

Майдан шуы басылып,
Даласы тұр жарқырап.
Тұрды Сұрша аһ ұрып,
Қасында жоқ Атырақ.

Қайда кеткен інісі,
Тастап жалғыз ағасын —
Кетті қалай алысқа,
Қыйып туған даласын?

Сол далада жас гүлдер
Көк толқындай шалқыды.

Іздеп жортып інісін,
Батыр Сұрша шарқ ұрды.

II

Жат өлкеде тым алыс,
Ар жағында Кавказдың
Тапты Атырақ қуаныш,
Құмар болды баққа аз күн.

Өзі қуған дұшпанның
Еліне кеп болды хан.
Ол жерінде басқаның
Сүйді өмірді шалқыған.

Жат елдегі қызықты
Тойлы думан күн үшін,
Ол бір жола ұмытты
Туған жерін, туысын.

Ақ орданы салдырды
Бағанасын алтындап.
Ойын-сауық, сән құрды
Тақта отырып Атырақ...

Жетті бір күн хабары
Туған елге, Сұршаға.
Көп іздеген, сағынған
Көрмей оны соншама.

Естіп Сұрша белгісіз
Інісінің хабарын,
Көп отырды үн-түнсіз,
Қар басқандай қабағын.

Бір кез басын көтеріп
Шақырды бір жігітті:
«Барып қайтшы Атыраққа,
Қайтып мені ұмытты?»

Қарға жүнді қаттасым,
Үйрек жүнді өттесім.
Інілікті ақтасын,
Мені ұмытып кетпесім.

Қайтсын туған жеріне,
Өз еліне сүт емген.
Ұмытпасын мені де,
Бақыт тауып жат елден!

Айтып Сұрша сәлемін,
Аттандырды жігітті.
Жігіт желдей жүйіткіді
Мініп алып жүйрікті...

Келді кіріп сәлеммен
Аппақ алтын ордаға.
Сауық пенен сән менен
Атырақ отыр ортада.

*) Каспи теңізі.



Айтты тұрып жас жігіт
Ағасының сәлемін,
Жат өлкеден кұтылып,
Тапсын деген өз елін.

Тындамады сәлемін
Арасының Атырақ.
Ұмытқандай өз елін,
Ол кетіпті жатырқап.

Ішінде алтын орданың
Ән менен күй гулеген.
Балқытқандай ол жаның
Сауықпенен, шуменен.

Естіп соны ер Сұрша
Қапаланды, қайғырды.
«Неге ұмытты ол мұнша
Туған жерін айбынды?»

Тағы жазды оған хат:
«Туысқаным, қайт елге!
Елден безіп, жерге жат
Адал жігіт кетер ме!?

Мұнда саған қызық бар,
Мұнда жақын туысың —
Қандай жігіт қызығар
Жат өлкеге, қурысын!»

Тындамады, қайтпады
Туған елге Атырақ.
Жат өлкені жақтады,
Жат өлкеден тапты бақ.

Күн өткізді думанда,
Салтанатқа қызықты.
Жат жерде хан болғанға,
Туған жерін ұмытты.

Ыза жанды Сұршаның
Өртеп іштен намысын.
Бөтен елге Атырақ
Қыйды-ау елін сән үшін!?

Қайырам деп қалайша,
Құрығандай амалы.
Кезіп кетті ер Сұрша
Қыйыры жоқ даланы.

Көлбеңдеген теңіздей,
Көк майсадан ескен жел.
Көрсек көңіл шалқыған,
Қандай қызық өскен жер!

Исі аңқыған қазоты,
Түсті бір кез көзіне.
Сүйюші еді Атырақ
Оны жастық кезінде.

Көріп Сұрша сол гүлді
Жұлып алды даладан.
Гүлді беріп жіберді
Атыраққа тағы адам.

Келіп жетті сол адам
Ақ күмбезді ордаға.
Ақ күмбезде той-думан,
Қызық сайран бір ғана.



Сырнай-керней тартылған,
Эндер шыққан арқырап.
Ақ тағында отыр хан,
Ол хан — біздің Атырақ.

Келген жігіт Сұршадан
Төрге басты қадамын.
Ханға қарап шырқап ән —
Шырқады әнін даланың.

Күңіренген күйімен
Жұрт жүрегін қозғаған —
Тартты дала кобызын,
Боз інгендей боздаған.

Әлде неге хан үнсіз
Қалды қатып түнеріп?
Әлде бұл күй көңілсіз —
Кетті ме екен ой беріп?

Елші сонда қойнынан
Қазотыны алды да,
Тастай қатып отырған
Қойды ханның алдына.

Алып гүлді қолына,
Иіскеді Атырақ,

Иіскеді тағы да,
Иіскеді қаттырақ.

Өзі туған даланың
Ол сүйікті гүлі еді.
Балқытқандай гүл жанын,
Жарылғандай жүрегі!

Хан Атырақ қаһарлы
Сол отырған тағында, —
Жас баладай жылады,
Гүлді иіскеп тағы да.

«Хан болмаймын жат жерге,
Бақыт үшін, күн үшін.
Шақырып тұр мені елге,
Туған өлкем, пейішім!

Жат өлкеде мен тапқан
Мынау қызық дүние —
Туған жердің нұр атқан
Жетпейді екен гүліне.

Хан болғанша жат елге,
Құл болайын далама,
Туған жерге жетейін,
Тез жетейін ағама!»

Соны айтты да Атырақ,
Гүлді басып төсіне —
Тактан түсті, жөнелді
Шаттық ойнап түсінде.

Даласына жүгірді
Қутылғандай қапастан,
Дала қандай көңілді,
Шатыры бар көк аспан!

Кеуде кере дем алып,
Туған жердің лебімен.
Ер Атырақ қуанып,
Көрісті кеп елімен.

Келді туған үйіне,
Құшақтады ағасын,
Топырағын сүйді де,
Кезіп кетті даласын...



Әсеттің Бақшасы

Ә Н Г І М Е

Суреттерін салған А. ВОЕВОДИН

А. БАЙТАНАЕВ

Қоңырау шылдыр ете қалды. Оқушылар бұл кезде орын-орындарына жайласып отырып болған еді.

Ұзын коридордың түкпірінен тықылдаған дыбыс естілді. Әсет ол дыбысқа құлағын тосты.

Бүгін не туралы оқыр екенбіз деп шыдамсызданды. Жаратылыстану пәнінің әр тақырыбы Әсетке бір жаңалық әкелетіндей болады да тұрады.

Класқа жаратылыстану пәнінің оқытушысы Қайыркен кірді.

Ол тізімге қарап белгі соғар алдында оқушылардың әрқайсысына бір көз тоқтатып қарап өтті. Сол уақытта олардың әрқайсысы не нәрсеге ынтығып отырғанын байқап та қалды. Оның өткір және байқағыш көздері Әсетке қадалды. Әсеттің бүгін айрықша әлде неге ынтығып отырғанын аңғарды. Содан кейін оған көрші отырған Сапарға қарады.

Бұл екеуі де «Қайрат» колхозында тұрады. Алыстан келіп оқып жүр.

Сапардың қабағы қатыңқы көрінді. Ішінен бірнәрсеге ашуланып отырғаны сезілді. Бұл Сапардың бойынан сирек ұшырайтын әдет еді. Сондықтан Қайыркен Сапардың бұл пішініне ішінен таңырқанды да:

— Бүгінгі сабақта өсімдіктердің күтімі туралы түсіндіремін, — деді Қайыркен, сабақты бастар алдында сабақтың тақырыбы мен таныстырып.

Әсет Қайыркеннің аузынан шыққан бір сөзді де бос жібермей қағып алып, көкейіне түйіп отырды. Кей жерінде бұл қалайша екен деп ойға да шомды. Оған өзінше түйін іздеп отырғанда, артынша оқытушы ол ойға қайта оралды. Оның күдігі шешілді.

Сапар бүгінгі сабақта Әсетке осымен үшінші рет көз тастады. Көңілінде әлде бір ренжу барын аңғартты. Қайыркен де мұны білді. Сапар тіпті солғын. Кейде сабақты тындамай төмен қарайды. Кейде қарсы алдынала қабырғаға ілулі тұрған суретке үңіледі.

Сапар тағы да Әсетке қадала қарады. Бұл қарауы әлде бір сөздерді ішінен нықтап айтып отырғандай кескін білдірді.

— Менің еңбегім зая кетті ғой. Үш түп ағашым шеткерек отырғызылып, судан шалғай қалды. Ақырында тамыры құрап кетті. Ол быйыл да жапырақтамайды. Ал, Әсеттің ағаштары қандай тамаша өсіп, жетілді! — деп таңданды.

Қайыркен мұны сезді де үн қатпады. Оның ойынша Сапар да ұқыпсыз бала емес. Осы кластағы балалардың ішінде Әсет екеуі айрықша дос болатын. Бұлардың арасында мұншалықты ренжу болады деп Қайыркен де, қалған жолдастары да ешбір ойламайтын.

Бұл ақырғы сабақ еді. Қоңырау соғылған соң балалар біртіндеп кластан шыға бастады. Әсет асықпай жыйналып орыннан тұрды да, есікке беттеді. Сапар оның алдынан кесе өтіп, кластан бұрын шығып кетті. Шыға сала ол ешкіммен сөйлеспей, тура «Қайрат» колхозына баратын жолға түсіп, үйіне тартты. Күнімен мұның бірінен де хабарсыз отырған Әсет Сапардың бұл қылықтарын ойына кірдің алып қалды. Ол мұның не қылық екеніне түсінбей келе жатыр. Сапарға жетемін бе

деп, біраз адымдап басып еді, жете алмады. Сапародан қашып құтылуға асыққан адамша аяғын жылдым басады. Кейде жүгіріп те алады. Анда-санда бұрылып артына қарайды. Әсет оған тоқта дегендей белгі беріп, қолын былғады. Бірақ, Сапар мұның біріне де құлақ аспай, ұзай түсті. Әсет енді Сапар досының оған қатты ренжігенін анық білді.

Көктемнің көк майса уақыты. Күн жылуы жер бетіне тегіс тарап, айнала жасыл көрпе жамылғандай құлпыра түсті. Күн озған сайын жердің беті түрленіп келе жатыр.

Әсеттің сабақтан қайтқанда алдымен әрдайым өзінің бір қуанышты ісі есіне түседі. Содан кейін көзі жетер жерден үйінің сыртына қарайды. Үйіне жеткенде бақшасын айналып шығады. Артынша жымыйып бір күліп алады. Қазір де сол әдетіне басып келе жатыр.

— Өзім егіп өсірген бақша ғой, — деп айтайын десе қасында өзінен бөтен сөзін естір жан жоқ. Ол үн қатпай тек күлімсіреді.

Әсет кеше таңертең ерте тұрып, үй айналасын тағы бір рет көзімен шолып шыққан. Біраз жаңа жұмыстың ретін ойлаған болатын. Бұл жұмысқа енді күн сайын ерте тұрып кірісуді ұйғарып келе жатыр. Өзі отырғызған ағаштар өсіп, жетіліп, оның үстіне бұтақтарын кен жайып келе жатыр. Жапырақтанып та қалыпты. Айнала-сындағы қоршауы бәсең. Енді бұған мал үйір бола бастайды. Қоршаудың сыртынан мойын созса бұтаққа жетеді. Жапырақты жұлып жейді. Немесе бұтағына сүйкенип, ағаштың бәрін қыйратады.

Бұл жайсыздық Әсетке қатты батты. Ол қоршауды ағаш бойынан әлде қайда биік етіп орнатуды ойлады. Бұл бір күндік жұмыс емес. Бірақ, тез арада бітіруім керек деп шешті. Әйтпесе, мына бақшаның сәні кетеді. Ағаштарымнан айрыламын деп қорықты. Бүгін ағаштарын тағы да санап шықты. Әзірше 15 түп ағаш көгеріп өсіп тұр. Тағы да бірнеше түп ағаш отырғызуға болатынын байқады. Оған әр жәрден орын белгіледі.

Бұл мезетте қораға есік ашып кірген Әсетті үй ішінде отырған әжесі терезеден көрген болатын. Әжесі Әсет үйге дереу кіре қояды деп шай әзірледі. Бірақ, Әсет үйге тез кіре қоймады. Әжесі Әсетті шақыруға ауыз қораға шықты. Әсет тапжылмай, бір орында аңырып тұрып қалыпты. Әлде нені мақұлдағандай, анда-саяда басып изеп қояды. Бұл не ойлап тұр екен деп әжесі таңданып та қалды. Шыдамы жетпей: «Үйге кір!» деді. Әсет жалт қарады да, әжесін көрген соң, асыға басып үйге кірді.

— Әже, сіз бүгін сыртқа шықтыңыз ба? — деп сұрады Әсет үйге кіре сала әжесінен. Қолындағы портфелін ұстаған күйі әжесіне қадала қарап, орнынан қозғалмай тұрып жауап күтті.

— Жоқ, шырағым! Оның қанша керемі бар еді? Кітабыңды қой, шайға отыр. Таңертеңнен бері түк татпай, қарның ашты ғой.

— Жоқ, әже, менің қарным тіпті, ашқан жоқ. Сәду атам колхозға отырғызатын ағаш әкелуге кеткен екен.

Сәду атамның келгендігі туралы хабар білді ме деп, сізден соны сұрағым келіп еді.

— Жоқ, құлыным, әлі келмегенге ұқсайды. Жаңа осында Сапардың шешесі келіп кетті. Олар да күтін жүрсе керек.

Әсет бұдан соң ештеме сұраған жоқ. Үндемей төр жаққа қарай өрлей берді. Төр алдында тұрған үлкен сандықтың үстіне портфелін қойып, шайға отырды. Әжесі Сапардың атын атап, оны Әсеттің есіне түсірді. Енді Әсет шыдай алмай, әжесіне Сапардың бүгінгі қылығы жайында айтуға оқталды. Артынша тағы да өзіне-өзі тоқтам салды.

— Әже бүгін Қайыркен ағайдың сабағы болды. Қайыркен ағайды білесіз ғой?

— Аңада үйге келіп кетті емес пе? Әлі есімде, құлыным! Орта бойлы, толықша келген қара бала ғой.

— Әже, сіз неге бала дейсіз? Ол біздің оқытушымыз.

— Солай-ау деп ойлап едім. Сөзге келе бастағаннан мені үйіріп алып кетті. Жай-күйімізді сұрап, іші бауырыма кіріп барады. Сен сыртқа шығып кеткенде, ол менен сен туралы көп әңгіме сұрады.

Әсет терезе алдына келді.

— Әже, бері келіңізші! Енді анықтап бір көз тоқтатып қарайықшы, — деп Әсет терезеге қарап, құлпырып өсіп келе жатқан әсем бақшадан көзін алмай.

Қандай тамаша! Енді бір жыл өткен соң, қандай болар екен менің бақшам? Мына бос қалған жерге тағы да неше түрлі жеміс ағаштарын отырғызамын. Айналасы көк майса шөпке оралады. Ағаштар жыл сайын бұтақталып өсе береді. Мына терезенің алды сая орынға айналады. Кеш мезгілінде хош иісті, таза ауада, әсем ағаштың саясында отырып дем аламыз...

* * *

Сапар үйден асығып шықты да, аудан орталығында өзі оқыйтын мектепке тура апаратын жолға түсті. Үйден асығыс шықса да, біраз ұзап жүрген соң баяу жүріске салды. Бір ойға батты да асыққанын ұмытты.

Әсет ең жақсы көретін досым еді. Оны өкпелеймін деп енді өзімнен қашықтатып алдым. Томсырайып неге тіл қатпай жүрдім екен. Өткен жылы осы уақытта бақша отырғызуға бірге кірістік. Өзара бәсекеге түстік. Ағаш отырғызу жөнінде бір-бірімізбен ақылдаспадық. Өз білгенімізді істей бердік. Ақыр аяғында не болып шықты?

Менің бақшам өспей қурап қалды. Одан қалғаны мал қыйратып кетті. Менің ағаштарымның халі ақырында осындай күйге ұшырады. Мен сонау үлкен арықтан ағаш суландыратын кішкентай құлақ арық қазып жеткізуге де еріндім. Шелекпен тасып-ақ суарып тұрамын деп ойладым. Бұл ойым хате болып шықты. Бұл кішікұрым өсімдіктей емес, бақша ағашын шелек пен тасыған су қанағаттандырмайды екен. Оның тамырынан неғұрлым суды үзбесен, сол ғұрлым жақсы өседі. Мен оны кейіннен байқадым. Ақыр соңында су тасудан

жалықтым. Соның аяғы неге соқты? Көп еңбек сіңіріп отырғызған ағаштарым, қурап кетті. Өспей қалды. Айналасына қоршау істеуге де еріндім. Малдар емін-еркін сүйкенді де, өзі қурап құлағалы тұрған ағаштарды бір жолата қыйратып кетті.

Әсет еңбекке айрықша әуес еді. Ол бұл жұмысының бәріне де ерінбей кірісті. Үлкен арықтан кішкентай құлақ арық қазып, бақшасына су жеткізді. Ағаштарды отырғызып болған соң, көп ұзамай айналасын кесек қалап, қоршап алды. Уақтылы мәпелеп күтіп отырды. Ол маған өзінің не істеп жүргені туралы айтып та жүрді. Бірақ, мен оған назар салып, құлақ аспадым. Ол маған бақша өсіру, оны күту туралы жазылған кітапшалар таптым, соны оқыйық делі. Бір күні аудандағы бас агроном Бекен ағайдан осы жөнінде кеңес алайық деп мені сүйреледі. Оның үстіне ол күнделікті жаратылыстану пәнінен Қайыркен ағайдың айтқандарына да көп мән беріп, өзінше тізіп, содан пайдаланды. Мен мұның бірін де істемедім. Тіпті оқыған сабақты да пайдаланбадым. Расында намыстанып жүрдім. Мен кімнен кеммін деп ойладым.

Міне, менің хателіктерім. Тереңірек ойлап бақсам, бұл жаман әдет екен. Енді бұдан былай мұндай жат қылықтарға үйір болмаспын.

Тез Әсетке жетейін. Оған осы ойымды толық баяндап, хателестім деп қайтадан достық серт берейін, жаз шықсын деп асыға күтіп едім, жаз да шықты. Енді бақшаны қайта отырғызамын. Бұл жұмыстарым ойдағыдай істеледі.

Осы ойдың шырмауында Сапар мектепке де келіп жетті.

Бүгін үшінші отряд пионерлері Әсетті шақырып, оның бақша өсіру жайында әңгімесін тыңдады. Сол әңгімесінің аяғында Әсет арт жақта отырған Сапарға қарады.

— Мынау менің Сапар досым. Ол мені күндеп жүр. Өзінің отырғызған ағаштары қурап кетті. Ол өз кінәсінен болды. Еңбектенуді қыйын көрді. Отырғыза салсам, ағаштар өзінен-өзі өсе салады деп ойлады. Менің бақшамның құлпырып өсіп келе жатқаны оған кедергі сыяқты. Өкпелеме, Сапар, жұмысты енді басынан қайта баста деймін. Қані, достар, бәрің де осылай іске кірісіңдер! Бір-бірімізден кеңес алып отыруды намыс көрмейік!

Жыйыннан шыққан соң Сапар мен Әсет үйге бірге қайтты. Сапар өз хателігін мойындап, Әсеттен кешірім сұрады. Ол Әсетке өз кінәсін ашып айтып өтті. Әсет бұған қатты риза болып қалды. Екеуі қайтадан достық серт берісіп, қол алысты.

— Қандай тамаша! Енді аз уақыттың ішінде «Қайрат» колхозы тегіс бақша ағашына бөленетін болады. Сөйтіп, әсем бақшалы, көрікті колхозға айналады. Мен де бақшаны сендей етіп өсіремін, — деді Сапар. Ол қазір бұл уағдасын орындауға қызу кірісіп, бақша отырғызып жүр. Өткендегі кемшіліктерін сабақ етіп, енді оны қайталамауды алдына шарт етіп қойған.





Халық келінін күйшісі

Махамбет ақын, Құрманғазы күйші және оның шәкірті Дина туралы аңыз.

Ә. СӘРСЕНБАЕВ

I

Мезгіл әлі жаз айы. Алайда табиғат қабағында бір кейістік белгі бар. Кесек-кесек қара бұлт күн көзін көлебейлеп тұр. Жел күрсіне дем алып, аспан жүзіндегі бұлтты дамылсыз, үйірде. Күркір мазасыз шатырлап, найзағай жарық-жарық етеді.

Сұрғылт даланың жотасында бір топ қой жайылып келеді. Қой соңында жас қойшы, жанында арлан қасқырдай екі төбет. Бала, сылти басып, бірер адымдайды да, тың тыңдайды. Даладан әлде нендей мұнды сарын естілетін секілді. Теңселген жасыл тал да, жел тербеген жапрақ та, көл қорыған қызғыш та сол сарынға теп-тегіс үн қосатын тәрізді.

Бала даладан ескен сарынды түнеріп тыңдайды. Нәресте еркін шүйіріп үн қосады ысқырып. Бірақ, оның ысқырып ерінмен таратқан күйінде арындаған ашу бар — «Аттан, аттан!» дейтін тәрізді. Сәбидің такаббар жаны мұңға бас иер емес. Дүлейге қарсы самғар дауылпаздай тым-ақ өр жатыр.

Әне, ол сылти басып, бір бұтаның түбіне келді де, отыра кетті. Беліндегі торсыққа қоса байланған томарды шешіп қолына алды да, сәл ойланып отырды. Содан кейін томарды екі тізесінің арасына қойып, кездігімен үңгілеп оя бастады. Қу томарды үңгілеп не істемек жас бала, әлде қой сауатын тостаған дайындамақ па?

Қенеттен бір ешкінің бақ еткен дауысы естілді. Қой біткен дүркіреп үрке жөнелді. Бала орнынан атып түрегелді:

— Әйт, Сырттан, әйт!

Қос төбет қойларды қуып жүрген көкжалдармен араласа кетті. Аңадай жерде аш бөрілердің бірі ақ ешкіні алқымдап жатты. Егіз лақ даланы басына көтере маңырап, ерсілі-қарсылы жүгірді де жүрді. Бала кездігін жаландатып бөріге төніп барды. Көкжал өжет баладан жасқанды ма, әлде қомағай құлқыны тояттады ма, жорта жөнелді...

Дүрліккен қойды қайырып, тоқыратқаннан кейін, бала қасқыр жарып кеткен ешкінің жанына келді. Бұл кезде егіз лақ анасының өлігіне келуге жүрексінгендей, аңадай жерде хасіретті қарашықтары жауаңдап, мұңайып қана тұр еді.

— Мұңаймандар, жетімдер, сендерсіз де даланың қойнауы қайғыға толы. Естимісің адамның еңіреген мұнды үнін? Хасіреттен бірақ не пайда! Ананың ащы ішегін домбырада зарлатып, кектің күйін шертермін, ел түрер күйге құлағын, ашуын жыйнар бойына, — деді бала, лақтарға қарап.

Бала лақтарды қойларға қосты да, баяғы қу томарды жаңадан үңгілеуге кірісті. Үңгі отырып әлде нендей әуезді ысқырып ойнай бастады. Оның әуезінен «әттен, әттен» деген бір кек сарыны шыққандай болды. Кейде жұмысын сәл тоқтатып, томардың сыртын даңғырлатып, соғып-соғып қойды. Осы даңғырға қосылып, ернімен жаңа бір күйдің сарынын ойнады. Бұл сарын-аттаныстың дабылы бірден-бірге өршелене берді.

Дөң астынан ат дүрсілі естілді. Бала құлағын тосып, бар назарымен тыңдай қалды. Ат тұяғының дүрсілі бір-

ден бірге таяна түсті. Шапқан ат дүрсілімен бірге термелеп салған жыр естіледі. Жыр:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Қасарысқан душпанға
Қанды көбік жұтқызбай,
Ерлердің ісі бітер ме!?

деп басталды.

Сөйткенше болған жоқ, ер қаруын асынған, томаға көзді бір батыр ақ моншақпен сыдыртып баланың жанына жетіп-ақ келді. Бала ибаменен иілің, ақ моншақты адамға сәлем берді:

— Аға, армысыз...

— Қай ұлансың, қарағым.

— Мен қызылгүрт Сағырбайдың ұлы Құрманғазымын, — деді бала.

— Көзінде өшпес жалын бар, болғалы тұрған ұлмын де, ие. Қабырғасын сөксе де қайыспас қайсар қара нар болатын, ұлым, түрің бар? — деді ақ моншақты, жас нәрестенің келешегін бір көргеннен-ақ болжап.

— Өзіңіз кім боласыз? — деді бала.

— Мен бе, ұлан, мен, балам,

Ағатай-беріш ел болам,

Исатайдың серігі,

Ел-жұртым деп жанымды

Шүберкке түйген ер болам.

Халық жауы хандардың,

Қарны жуан билердің

Басын кессе, — дер болам...

Жайықты малға толтырып

Халыққа теңдік әперсем, —

Деп арманға қол созған,

Махамбет ақын мен болам!» деді ақ моншақты.

— Ақын аға Махамбет, мені өзіңмен ала кет! — деді бала.

— Жоқ, қарағым, ертерек. Қабырған әлі қатпаған, томаға әлі толмаған. Кемеліне келгенде, кербестінің күйрығын шарт түйіп атқа қонарсың. Әзірге, жассың, ертерек, — деді ақын.

— Ие, ертерек, — деді бала өзінің сәбилігіне өкінгендей.

— Мынауын не, қарағым?

— Бұл ма ағай, домбыра жасап алмақпын, ел кегін егіз ішектен еңіретіп төгетін, — деді бала.

— Мақұл, ұлан, мақұл-ақ, күйін асау өр келсін дауылпаздай арынды. Әзірге қош, өжет ұл, кездесерміз кезінде, — деді де ақмоншақты жорта жөнелді...

Міне, өткен ғасырда ханға қарсы халық көтерілісінің жаршылары жауынгер-жырау Махамбетпен кек күйінің атасы Құрманғазы осылай кездесіпті деп ел аңыз етеді.

II.

1890 жылдың дауылды бір күні еді. Кәрі Атрау әлде неге ашуланғандай арындап, ақбас толқындарын шыңға соғып жатты. Жар жиегіндегі көгалда күмістей ақ сақалы төсін жапқан бір қария отырды. Оның өткір

қара көздері бір нүктеге қадалған. Кәрия салалы сау-сақтарымен перне қуып, ақ үкілі домбырасын шертіп қояды. Оның домбырасынан теңіз толқынындай арындаған асау күй төгіледі. Домбыра ішегі:

Ашулы кәрі Атрау,
Толқынынды соға түс,
Жағаның биік жарына,
Сарқылмас асау күш беріп,
Халқымның кекті жанына,
Бұғауын үзіп құлдықтың,
Жеткізер жеңіс таңына...

деп күмбірлеп отырған тәрізді.

Арындаған асау күй екпіндеп соққан дауылмен дүниені шарлап бақты. Халық кәрияның маңына шоғырлана түсті. Күйші қарт домбырасын бұрынғыдан да гөрі екпіндете шертті. Қос шекті безілдетіп қаққан сайын кәрияның құлағына орап тастаған ұзын мұрты дауылпаздың қанатындай желпілдеді де тұрды. Төсін жапқан ақ күміс сақалы саусағына келіп оралды. Кәрия сақалын екі айырып, ыйықтан асыра артына қарап серпіп тастады да, домбырасын жаңадан серпе бастады.

Қолына кішкене ғана домбыра ұстаған сегіз жасар қыз бала кәрияның жанына келіп отыра кетті. Кәрия күйін доғарды да, нәрестеге көз тікті. Тек осыны ғана күтіп отырғандай жас қызғалдақ кәрияның әлгі күйін ала жөнелді. Оның перне басқан сәби саусақтары көз ілестік шапшаңдықпен ойнады да отырды. Кәрияның жаны әбден сүйсінгендей күліп жіберді. Ол қуанғаннан көзінен жас моншақтап, жас нәрестені мейрімді аталық құшағына қысып, оттай жайнаған қарашықтарынан кезек-кезек сүйді.

— Айналайын қарағым, қыз да болсаң мұрамды ұстарлық

болып туыпсың. Көп жаса, қызым көп жаса! Мен осы күнге дейін:

«Жан шошыр бастан өтті талай майдан,
Шыққан жоқ атқан оғым терең сайдан.
Екпінді кек күйіне күш беретін
Ул туар дәл өзімдей ана қайдан!»

деп налып едім. Өркенің өссін, қарағым, мұрамды менің алып қал. Бұл тартқаның қандай күй? — деді кәрия.

— Бұл күйді «Көбік шашқан» деп атаса болар еді, — деді қыз бала.


— Тауып айттың, қарағым. Күйдің аты «Көбік шашқан», бұл кек күйі, халық қаһары. Атың кім сенің, қарағым? — деді кәрия.

— Менің атым Дина, — деді қызғалдақ.

— Мерейлі бол, Дина жан, мен кек күйшісі Құрманғазымын. Тәрбиешім Махамбет ақын, Исатай ердің серігі, халқы үшін жан берген. Сол ерлердің ұраны, сол күрестің дабылы мынау егіз шекте. Мұрамды саған тапсырдым, халыққа жеткіз күйімді! — деп кәрия қызғалдаққа үкілі домбырасын ұсынды.

— Егерде маған, ата жан, шынымен сеніп берсеңіз, кек ұрандас күйінді халыққа ойнап беруге жас жүректен ант етем, — деп қыз бала тізерлеп отырды да домбыраны қолына ұстап сүйіп-сүйіп алды...

Міне, Құрманғазы мен Динаның кездесуі жөнінде де ел осылай аңыз етеді. Ардақтымыз Дина ана осы антын адал орындады. Ол күй атасы Құрманғазыдан алған асыл мұрасын алтындай сақтап, совет халқының қымбатты қазынасына табыс етті. Құрманғазының ел азаттығына арналған «Кішкентай», «Адай», «Серпер», «Ақсақ киік» тағы өзге асыл күйлері Дина арқылы нотаға түсірілді, музыкаға еңгізілді.



Қ О Й Ш Ы Б А Л А

Қаптаған малдың соңында
Ән шырқаған жас бала,
Ақ таяғы қолында,
«Құттыаяқ» иті жанында.

Таса етпей малды көзінен.
Жаны сергек, өзі сақ.
Басқа адам жоқтай өзінен,
Даланы билеп жүрген тап.

Өрлеп таудың беткейін,
Қызығып малға жайылған.
Бір есе алдың малының,
Бір есе артын қайырған.

Білесіндер, балалар!
Ауыл, аймақ риза оған.
Ілезде лебіз бұзылып,
Қарашы жаңбыр төккенін.

Орта жолда жас Асан
Тасаға малын ирді.
Бұршақ, жаңбыр аралас,
Одан бетер күйылды.

Жарқ-жұрқ етіп найзағай,
Дірілдетті денесін.

Жолатпады жас Асан,
Қорқынып, үрей елесін.

Ирілген малды айналып,
Сақтанып жүрген «Құттыаяқ»
Жалт еткен шеттен қасқырдың,
Желкесінен алды шап.

Арыстандай «Құттыаяқ»
Азуы қарыс, қылыш тіс.
Аш қасқырды бүктеп ап,
Жаныштады бермей күш.

Сүйір тұмсық жер тіреп,
Ыржындаған қасқырды.
Ер жүрек Асан жақын кеп,
Таяғымен басқа ұрды.

Бұлт басқанда аспанды,
Үйінен шыққан әкесі.
Астында жауын сабылып,
Асанды іздеп шықты есі.

Асанның даусы шыққанын
Есітіп шапты алыстан.
Қойға қасқыр шапқанын
Білді сонда қарт Досан.

Аттан түсе қарт Досан,
Үзенгісін суырып.
Қасқырды дәлдеп басынан
Шығарды жанын бір ұрып.

Бетінен сүйді Асанды,
Азамат деп құшақтап,
Еркеледі «Құттыаяқ»
Мойнына шапшып, ойнақтап.

Қасқыр тартқан саулықты,
Жарқыратып санынан.
Белбеуін шешіп таңды да
Өңгеріп алды қарт Досан.

Сыпырып қасқыр терісін
Қанжығаға байлады.
Аталы-бала екеуі
Ауылға малын айдады,

Осы кезде сүмектеп,
Күйған жауын басылды.
Күткендей осы айқасты,
Аспан шайдай ашылды.

С. АДАМБЕКОВ

АСТЫҚ - ХАЛЫҚ ДӘУЛЕТІ

А. ДАУЫЛБАЕВ,

Қазақ ССР ауыл шаруашылық министрі.

Астық — біздің еліміздің дәулеті, арқауы. Сондықтан астықтан бітік өнім алу—совет мемлекетін нығайта беру жолындағы, социалистік шаруашылығымызды өркендеті, гүлдендіре түсірудегі, совет халқының әл-ауқатын арттыра берудегі айбынды күрес болып табылады.

Өткен жылы Қазақстанның егіс даласының еңбек ерлері И. В. Сталинге жазған өздерінің хаттарындағы алған міндеттемелерін орындау үшін қажырлы күрес жүргізіп бітік егіс өсірді. Бидайдан, қарабидайдан, тарыдан, күріштен тағы басқа дәнді егістерден мол өнім алды. Республикамыз бойынша жоспарланған дәнді егіс 40 проц. артты. Әсіресе, Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстарының колхоздары жоспардағыдан дәнді егісті 100 проц. арттырып, ірі табысқа жетті.

Алдыңғы қатарлы колхоздар, бригадалар мен звенолар 1947 жылы астықтан жоғарыдағыдан да артық өнім түсірді.

Алматы ауданының «Вторая пятилетка» колхозы 85 гектар күздік бидайдың әрбір гектарынан 135 пұттан түсім алды.

Шиелі ауданының «Авангард» колхозы 530 гектар күріштің әрбір гектарынан 608 пұттан өнім алды.

Соңғы жылдары біздің республикамыз астықтан мол өнім алудың жержүзілік рекордын жасаған көптеген тамаша еңбек даласының шеберлерін өсіріп шығарды. Социалистік еңбек даласының атақты шебері, көп жылдары бойы тары егісін өсірген, дүниеде ешбір теңдесі жоқ Шығанақ Берсиевті бәріңіз де білесіздер. Қазақ ССР Үкметінің қаулысы бойынша Шығанақ Берсиевтің Отаны—Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы «Құрман» колхозында маркұмға үлкен ескерткіш қойылды.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Қызыл ту» колхозының звено бастығы Ыбрай Жақасов өткен жылы 5 гектар күріштің әрбір гектарынан 1026 пұттан өнім алды.

Өздерінің ерлік еңбектері үшін 1947 жылы 3,5 мыңнан астам колхозшылар мен колхозшы әйелдер өкметтің жоғарғы наградасын алды, оның ішінде Социалистік Еңбек Ері атағы 190 адамға берілді.

Астықты ұйымдасқан түрде ысрапсыз жыйнап алу үшін, мемлекетімізге астық тапсыру жоспары үшін қажырлы күрестің нәтижесінде Қазақ ССР мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын 25 октябрьде орындап шықты. 1946 жылмен салыстырғанда мемлекетке 16,5 миллион пұт астық артық тапсырылды.

Совет мектебінің оқушылары мен пионерлері әрдайым еліміздің қоғамдық өміріне белсене қатысып келеді. Олар өздерінің Отанға деген сүйіспеншілігін Совет мемлекетін нығайта түсуге арналған күнделікті істерінде көрсетіп отыр. Біздің еліміздің барлық еңбекшілерімен бірге өткен жылы пионерлер мен оқушылар бітік егіс үшін күрес жұмысына белсене араласып, айтарлықтай атсалысты.

Оң мыңдаған ауыл мектептерінің оқушылары мен пионерлері ауыл шаруашылығына үлкен шығын келтіре-

тін зыяиды жәндіктер және саршұнақ тышқандармен елеулі күрестер жүргізді. Олар арам шөп жұлып, астық күзетіп, астық жыйнап, масақ теріп, зор еңбек сіңірді. Сол сыяқты ауылдарда, совхоздарда, МТСтерде ағаш-отырғызып, бақша егіп, оларды көріктендіруде зор пайда келтірді.

Көптеген жерлерде пионер мен оқушылар Ұлы Октябрінің 30 жылдық хұрметіне арнап «бау-бақша аптасын» өткізіп, мыңдаған жеміс ағаштарын екті. 1947 жылдың жаз бойында пионерлер мен оқушылар ағаш тұқымын, бүрлі ағаштардың тектерін жыйнады. Олар орман өсіру алаңдарында өсіріліп жатыр. Бұл қар тоқтатып, егістен тұрақты өнім алуда зор мәнісі бар нәрсе, өте қолайлы, сенімді жол.

Үстіміздегі жылы республикамыздың ауыл шаруашылығының алдында өте жауапты, аса үлкен міндеттер тұр.

Өткен жылмен салыстырғанда жаздық егістің көлемі анағұрлым артады. Бұдан былай да дәнді егіс пен басқа да ауыл шаруашылық мәдени егістерінің өнімін арттырудың шаралары белгіленіп жатыр.

Бұл быйылғы көктемдегі жұмыстың сапасын анағұрлым жақсартуды және өте қысқа мерзімде өткізуді тілейді.

1948 жылдың программасын мерзімінен бұрын орындаудың ең басты шарты — көктемгі егісті үлгілі түрде өткізу.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының табысы колхоздар мен МТСтердің күші мен құралдарын қаншалық жақсы дайындағандықтарына байланысты. Көктемгі егіске дайындық жұмысын кешеуілдету—астықтың белгілі бір мөлшерін жоғалту деген сөз. Быйылғы жылы республикамыздың колхоздары мен совхоздарының көктемгі егіске дайындығы жаман емес. Республикамыздың оңтүстіктегі облыстары көктемгі егісті осы күннің өзінде-ақ бар қарқынмен жүргізіп жатыр. Солтүстік-шығыс және батыстағы облыстарымыз көктемгі егісті өткізу дайындығын аяқтап, егіс даласындағы жұмысқа, егін салуға дайын отыр.

Әрбір пионер мен оқушының міндеті — колхоздарға, МТСтерге быйылғы жылғы ауыл шаруашылық жұмысын өткізуге нақты көмек көрсету, ең алдымен ауыл шаруашылық жұмыстарына, егіске зыян келтіретін өсімдіктер мен жәндіктерді жою, егіс даласын күту, масақ теру, астық күзету, ағаш егу, ағаш және бүрлі ағаштардың тұқымын жыйнау болып табылады.

Мұнымен қатар пионерлер мен мектеп оқушылары егіс басындағы қостарда саяси-көпшілік жұмыстарын жүргізуге көмектесуі керек. Газет, журнал, кітап оқып беріп, жауынгерлік листок шығарып, әңгімелер ұйымдастырулары хажет.

Быйыл да бітік егін өсіру үшін колхоздар мен совхоздарға пионерлер мен оқушылар қолдан келген көмегін тигізеді деп сенеміз.



ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚОРЕКТЕНУІ

Т. ДАРҚАНБАЕВ,

Биология ғылымдарының кандидаты.

Өсімдіктер мен хаюандарды салыстырып қарасақ, бұлардың сыртқы бейнесінде еш қандай ұқсастық жоқ секілді. Бірақ ғылыми жолмен зерттеп қарасақ, өсімдіктер мен хаюандардың ішкі құрылысында және өмір сүру әдісінде көп ұқсастық барлығын байқаймыз. Өсімдіктер де басқа хаюандар секілді органикалық (жанды) заттар қатарына қосылады. Хаюандар секілді өсімдіктер денесі де клеткелерден құралған. Өсімдіктер де хаюандар тәрізді қоректенеді, тыныстанады, өсіп қартаяды, көбейіп тұқым таратады. Осы айтылғандардың бәрі тек тірі организмдерде ғана болатын қасиеттер.

Өсімдіктер мен хаюандар арасында өте тығыз байланыс болып тұрады. Адам баласының өсімдіксіз күні жоқ. Адамның тамағына керекті—нан, қант, май, витаминдер, ауырғандарға ем болатын дәрі-дәрмектер өсімдіктерден алынады. Осымен қатар киім-кешек жасалатын мақта, автомобильдерге қолданылатын каучук, үй салынатын ағаш тағы басқа көптеген пайдалы заттар өсімдіктерден табылады. Мұнымен қатар өсімдіктер адамның дем алатын ауасын от тегі (кислород) газымен байытып тұрады. Міне сондықтан да жасыл өсімдіктердің адам ден саулығына өте зор пайдасы бар.

Өсімдіктердің тіршілік етуі үшін, өсіп-өнуі үшін олардың қоректенуіне керек. Хаюандар мен өсімдіктердің қоректену тәртібінде көп айырмашылықтар бар. Хаюандар дайын тамақтық заттармен қоректенеді. Хаюандардың тамағына керекті заттар—белок, углевод (қант), май, витаминдер. Бұл айтылған заттардың бәрі де өсімдік денесінде жасалады. Хаюандар шөл, сұлы, кебек жеу арқылы жоғарыда айтылған өздеріне керекті тамақтық заттарды дайын күйінде де, өсімдіктерден алады. Осы дайын тамақтық заттарды бойларына сіңіру арқылы өздерінің денесін құрады, өседі, толығады.

Өсімдіктердің қоректену тәртібі бұдан гөрі өзгеше болады, олар хаюандарша дайын тамақтық заттар (белок, қант, май) мен тікелей пайдалана алмайды. Өсімдіктер жабайы—газ және минералдық тұздармен қоректенеді. Осы жабайы элементтерден өсімдіктер күрделі (высокомолекулярный) белок, май секілді заттарды жасап шығарады.

Өсімдіктер тамақтануының екі түрлі жолы бар. Ең алдымен өсімдіктер ауа арқылы көмір қышқылы газымен (углекислый газ) тамақтанады. Көмір қышқылы өсімдіктер өзінің жасыл жапырағы арқылы пайдаланады. Өсімдіктің екінші қоректену жолы топырақ арқылы болады. Мұндағы негізгі қоректену мүшесі—тамыр системасы деп қарауымыз керек. Сөйтіп өсімдіктердің тамақтық заттары жабайы газ және түрлі минералдық тұздар екені анықталды. Осымен қатар өсімдіктерді тамақтандырып тұратын мүшелері жасыл жапырақтар мен тамырлар екені естен шығарылмау керек.

Өсімдіктердің ауадан қоректенуі оның жасыл түсіне байланысты. Өсімдік жапырағына жасыл түс беріп тұрған хлорофил деген зат болады. Өсімдіктердің ауадан қоректенуіне осы жасыл түсті хлорофилдің аса үлкен маңызы бар. Хлорофил жоқ өсімдіктер (мысалы керең құлақтар, қараңғы жерде өскен өсімдіктер) ауадан тамақтана алмайды. Осымен қатар өсімдіктердің ауадан қоректену үшін хлорофил дәнінен тысқары күннің жа-

рық сәулесі керек. Қараңғы жерде өсімдік ауадан қоректені алмайды. Оқымысты К. А. Тимирязев бұл мәселені терең зерттеп, көп жаңалықтар ашқан. Тимирязевтың бұл жөніндегі тамаша ғылыми еңбектері бүкіл жер жүзіне мәлім. Өсімдіктердің ауадан қоректенуі мына төмендегі ретпен болмақшы. Ауадан жасыл жапырақтарға көмір қышқыл газы енеді. Сол газ жапырақтың хлорофил дәні арқылы күн сәулесінің қуатымен әр түрлі органикалық заттарға айналады. Көмір қышқыл газынан көбінесе әртүрлі қанттар және крахмал деген заттар жасалып шығады. Өсімдік жапырақтары ауадан көмір қышқыл газын қабыл етіп, оны крахмалға айналдырумен қатар ауаға қайтадан оттегі газын (кислород) шығарып тұрады. Сөйтіп жасыл өсімдіктер арқасында ауа әр уақыт жаңарып тұрады. Жапырақта құрылған крахмал дәні бірте-бірте белокке, майға, витаминге, тағы басқа хажетті заттарға айналады. Осы айтылған заттардан өсімдіктердің клеткелері құрылады, өсіп-ұлғаяды, тұқым, жемісі пайда болады.

Өсімдіктердің жапырақтарында әлгі айтылған тамаша процестер тоқталмай жүріп отыру үшін, өсімдіктерге су керек. Өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды. Құрғақшылық жылдары өсімдіктер солып, қуарып, өспей қалатыны бәрімізге мәлім. Су өсімдіктерге тамыр арқылы топырақтан келеді. Су өсімдіктерге екі жағынан хажет. Біріншіден ыстық күндері өсімдіктер жапырақтары қурап кету қаупі бар. Сондықтан өсімдік жапырақтары күн ыстық мезгілде салқындап тұру керек. Осы себепті өсімдік жапырақтары тамыр арқылы келген суды бұға айналдырып сыртқа ұшырып тұрады, өте-мөте ыстық күндері өсімдіктер суды көп керек етеді. Міне, сондықтан да ауыл шаруашылығында егісті суғару мәселесіне қатты көңіл бөлінеді. Өсімдіктер жаз бойы жапырақтары арқылы орасан көп суды бұға айналдырып ауаға ұшырып отырады.


Судың міндеті жалғыз ғана жапырақты салқындатып тұру емес, одан да басқа міндеттері бар. Өсімдіктер суды өзінің тамырлары арқылы топырақтан алады дегеніміз. Сол топырақтың суында еріген неше түрлі өсімдіктің қоректенуіне керекті минералдық тұздар болады. Тамыр арқылы өсімдіктің сабағына, жапырағына көтерілген сумен бірге әлгі айтылған минералдық тұздарда өсімдік денесіне тарайды. Бұл минералдық тұздар өсімдік тіршілігіне өте хажет. Минералдық тұздар ішінде өте-мөте өсімдіктерге азот, фосфор, кали, натри, магни, кальси және темір тұздары хажет.

Өсімдіктер-адам баласының үлкен байлығы. Оларды ғылыми жолмен терең зерттеп, олардан шығатын көптеген тамаша пайдалы заттарды отанымыздың керегіне жұмсау-біздің үлкен міндеттеріміз. Пионерлер мен мектеп оқушылары, өсімдіктер-сендердің достарың, сондықтан өсімдіктің тіршілігін, олардың қоректену тәртібін жақсылап ұғып алдыңдар.

Сөйтіп, колхоздың егіс даласында жұмыс істегенде немесе мектептеріңнің маңайына, қаланың көшелеріне ағаш өсіргенде, өсімдіктерді дұрыс қоректендіріп, жақсылап күте біліңдер.



Оқуымыздың кенесі



Е. С. ЕРОЛЬСКАЯ,

Қазақ ССР-на еңбегі сіңген оқытушы.

Жас достар, міне III тоқсан да аяқталды. Үстіміздегі оқу жылының программасы негізінен бітті. Ал, IV тоқсанда сендер өткен сабақты тегіс қайталап шығуға тиіссіңдер, сөйтіп жазғы сынақ пен емтиханға толық даярлықпен келуге міндеттісіңдер.

Жақында сендердің мектептіңде тәбілдер де пайда бола бастайды. Ол емтиханға санаулы-ақ уақыт қалғандығын көрсетеді. Бұл өткен оқу жылында алған біліміңнен Отан алдында есеп беру күні жақындап қалды деген сөз. Тек осы емтихан мен сынақта ғана сендердің қыс бойғы еңбектерің әділ бағасын алады.

Балалар, бұл сынақта сендер білім алу үшін өздеріңнің қалай күрескендеріңді, өз мектептеріңнің абройын жоғары ұстауға қалай атсалысқандарыңды көрсетесіңдер.

Ол үшін сендер әуелі емтиханға қанша күн қалғандығын есептеп алыңдар. Соған кейін сынаққа дайындала бастаңдар.

Сынаққа дайындалуда уақытты дұрыс пайдаланудың маңызы аса зор. Әр оқушы өзінің күнделік жұмыс жоспарын жасап алады.

Осы жұмыс жоспары бойынша өткен сабақтарды қайталап шығуға да, үйге берген тапсырманы орындауға да толық мүмкіншілік туады. Әрине, өткен сабақтарды қайталаған да, барлық сабақты бірдей қайталай беруге болмайды, оған уақыт та жетпейді. Сондықтан әрбір пәннің өзіне қыйын деген, өзің шала білетін тақырыптарын ғана қайталағаның жөн.

Уақытты дұрыс пайдаланумен қатар, қайталайтын материалдарыңды да жоспарлап ал. Қайталайтын тақырыптарыңды анықтап алып, оны күнге және сағатқа бөл. Әрине, уақыт барлық сабақты қайталауға толық жететін болсын.

Тіл сабақтарынан (қазақ, орыс және шет тілдерінен) тек судыратып оқып шықпай, ойланып, толғанып, мыйға тоқып оқу керек. Әрбір ережені жете біл, тіпті түсініп, жаттап алған да жөн.

Кейде оқушылар ережені жақсы біледі, бірақ оны тәжірибе жүзінде қолдана білмейді. Әрине, мұның өмірге де, өзіңе де пайдасы жоқ.

Кейбір балалар тыныс белгілерін, әсіресе, кіші тынысты орынды орнына қоя білмейді. Кіші тыныстың қойылатын жерін білу үшін бірыңғай сөйлем мүшелерін, құрмалас сөйлемдерді білуің керек.

Тарих пәнін қайталағанда, әрбір тақырыптың негізгі мәселелерін ұғып қалуға тырыс. Уақытың қай уақытта, қай жерде, қандай жағдайда болғанын және оны басқарушылар кімдер, уақытыңа немен тынды, міне осының бәрін білуің керек. Сонсоң уақытыңа болған жерді картадан көрсетеді біл.

География пәнінен тек тақырыптың мазмұнын ғана біліп қоймай, ол жерлерді картадан да дәл таба білуің керек.

Жаратылыс тану сабағын қайталағанда да, тек материалдың мазмұнын біліп қана қоймай, макеттерді, суреттерді, кестелерді де жақсы ажырататын болыңдар.

Тек осы жолмен ғана сендер өткен сабақтарыңды қайталап шыға аласыңдар, қыс бойғы оқыған материалдарыңды жақсы еске түсіресіңдер, сөйтіп әрбір пәннен кең салалы білім ала аласыңдар.

Балалар сендер: «Мүмкін оңай билет кездесер» деп ойламаңдар. Қайта біліммен қаруларыңдар, сонда қай билет болса да саған қорқынышты болмайды.

Қолыңда барлық оқу құралдары бар оқушылар әрқайсысы жеке дайындалады. Олардың өздері қайталайтын тақырыптарын белгілеп алады, конспект жасайды, басты-басты мәселелерді жазып алады, ережелерді оқып, оған мысалдар, дәлелдемелер келтіреді. Егер олар өздері түсіне алмаған немесе түсінуге қыйын мәселелер кездесе, олар оқытушыларға барып, консультация алады. IV-тоқсанда әрбір мектепте мұндай консультациялар ұйымдастырылады.

Ал өзінің қолында оқу құралдары жоқ оқушылар 5-6 адамнан бірігіп, топ-топқа бөлініп оқыйды. Мұндай топтар мектепке немесе бір оқушының үйіне жыйналады. Егер оларға карта, макет, кесте және басқа сол сияқты құралдар керек болса, олар мектепке келеді. Ал егер мұндай құралдардың қерегі болмай, тек оқып және жазатын болса, онда олар бір оқушының үйінде бас қосады. Мұндайда сабақ көңілді өтеді. Бір оқушы кітап оқыйды да, екіншісі картадан көрсетіп тұрады, ал басқалары тындайды. Олардың арасында кейде үлкен таластар болады. Таластың түйіні кейде тек оқытушының алдында ғана шешіледі. Сабақты есте қалдыруда мұндай таластың пайдасы көп.

Орта және жетіжылдық мектептің оқушылары емтихан мен сынақтың не екендігін және өздерінің алдында қандай жауапкершіліктің тұрғанын сезеді. Ал бастауыш мектепті бітіретін IV-класс оқушылары сынақ деген не және оған қалай дайындалу керек екенін әлі білмейді. Сондықтан да дружина, отряд және звено жыйындарында оларға алда тұрған емтихан мен сынақтың маңызы туралы, оған қалай дайындалу керек екендігін түсіндіру керек. Осы бірінші сынақтың өзінде-ақ олар өздерінің білетіндіктерін көрсетуге тиіс.

Жас достар, сендердің сынақтан сүрінбей өтулеріңді тек ата-аналарың ғана күтіп отырған жоқ, сонымен бірге бүкіл еліміз күтіп отыр. Тіпті ұлы Сталиннің өзі де еліміздің түкпір-түкпіріне көзін салып, онда не болып жатқанын біліп отырады, әрбір пионердің Отанымыз үшін, өз мектебінің абройы үшін қалай күресіп жатқандығын біліп отырады. Сондықтан да сендер емтиханға жақсы дайындалып, сыннан сүрінбей өтіңдер. Сөйтіп коммунизм қоғамын орнатуда өздеріңнің үлкендерге лайықты мирасхор екендіктеріңді көрсетіңдер.



Біздің ПОЧТА


ЖҢЙЫН КӨНІЛДІ ӨТТІ

Мектептің ішіндегі кішкене клуб тым салтанатты, көңілді екен. Залдың іші түрлі плакаттар және ұрандармен безеліпті. Бүгін мұнда пионерлер дружинасының жыйыны болады. Төргі жақтағы қызыл жапқан столдың басында облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы Данилова, қалалық комсомол комитетінің секретары Мәтенова және бірнеше, жыйынға шақырылған хұрметті қонақтар бар. Әлден уақытта горнның дауысы мен пионерлер отряд-отряд болып, тізбектеліп сапқа тұрысты.

Дружина советінің председателі Базарбай Нұрмұхамедов отряд вожатыйларының рапортын қабылдады. Бұдан соң Базарбай салтанатты түрде дружинаның жыйынға дайын екенін білдіріп, аға пионер вожатый Кұлпан Қалымоваға рапорт берді. Халықаралық әйелдер күні — 8 мартқа арналған дружинаның жыйынын Кұлпан ашық деп жариялады. Пионерлер ССР Одағы мен Қазақ ССРның мемлекеттік гимндерін орындады.

Дружина советінің председателі: — Пионерлер ту әкеле жатыр. Смирно!.. — деді. Дружина тізбегінің алдынан екі-үш пионер туды алып өтті.

Аға пионер вожатый Кұлпан күн тәртібін хабарлап, 8-март туралы III-отрядтың вожатыйы Сатиеваға сөз берді. Ол 8 март күнінің халықаралық



маңызына тоқтап, біздің аналарымыздың, апаларымыздың соғыс кезіндегі ерліктері жөнінде және бейбітшілік дәуіріндегі жанқиярлық еңбектері туралы айтты. Сатиевадан кейін I-II отряд вожатыйлары сөйледі. Олардың бәрі де «Бақытты балалық шағымыз үшін әкеміз Сталинге көп рахмет!» деп сөздерін бітірді.

Концерт бөлімі басталды. Әрбір отряд тәртіппен өздерінің өнерлерін көрсетіп жатыр. Шырқап салған ән де, күйкылжыта тартқан күй де, бір бұралып, он құбылған би де бәрі осы араға жыйналған ба дерсің...

Әресе, бесінші кластың оқушылары Үміт Сағымбаева мен Кұлжан Сәрсенованың әндері тамаша орындалды. Қәдімгі әншілердей-ақ, әдемі ырғақ-

пен асқақтата салады. Сол сыяқты «Кенес» биін билеген бір топ қыздар да көрушілерді сүйсіндірді.

Сауық бөлімі аяқталған соң, дружина советі председателінің «Туға қарап түзеліндер!» деген командасы бойынша пионерлер сапқа тұрды. Ту ұстаушылар пионерлердің алдынан туды алып өтті.

Жыйын жабылар алдында аға пионер вожатыйы Кұлпан Қалымова «Пионерлер, Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын болыңдар!» деді. Пионерлер бір дауыспен «Әр қашанда дайынбыз!» деп жауап берді.

Зора ИМАНБЕКОВА,
Қостанай қаласындағы Жамбыл мектебінің оқушысы.

БІЗДІҢ БАҚШАМЫЗ

біздің мектеп аудандағы тек білім орталығы ғана емес, сонымен бірге мәдениет орны да болуы керек. Ертеңнен бастап мектебіміздің айналасын гүлдендіруге кірісеміз». — деді.

Демалыс күні балалар үйлерінен кетпей, күрек, шелек тағы басқа құралдарды ала келіп, аз күн ішінде мектеп айналасына көптеген ағаш түптерін отырғызды.

Былтыр тағыда 300 түп ағаш отырғызып, бақшамыздың көлемін едәуір кеңейттік. Еккен ағаштарымызды мал

баспас үшін шарбақ пен қоршап, уақыты мен су күйіп тұрдық.

Жақында болған пионерлер жыйынында Әділов, Ақпаров сыяқты оқушылар мектеп маңайына жаңадан көп ағаш отырғызуды ұсынды. Бұл ұсыныс мектеп оқушыларының бәріне де ұнады. Олар быйылғы жылы тағы да 1000 түп ағаш отырғызуға қаулы алды және ауданның басқа мектептеріне хат жазып, оларды да социалистік жарысқа шақырды.

С. МҰСАЕВ.

Уйғыр ауданындағы «Үлкен ақсу» орта мектебінің IX-класс оқушысы.



Бұдан екі жыл бұрын біздің мектептің айналасында еш нәрседен жоқ, маңайы тап-тақыр болатын еді. Бір күні бізді сабақтан кейін мектеп директоры шақырып алды да: «Балалар



ҮЛГІЛІ ЗВЕНО ВОЖАТЫЙЫ

Оқу жылының басында Мәді Ильясовты звено вожатыйы етіп сайлады. Сол күні-ақ звено пионерлері Мәдінің үйіне жыйналды.

— Балалар, — деді Мәді жыйналғандарға, — бәріміз де орыс тілін бестік бағамен оқуға уәде берсек қайтеді?

— Мен уәде бере алмаймын, — деді оған Бердібек, — Өйткені, мен орыс тілін нашар білемін.

— Орыс тілін білу кімге онай тиеді дейсің. Маған да қыйын. Бірақ біз сол қыйындықты жеңейік.

— Жарайды, келістік, — деді балалар бірауыздан.

Міне, содан бері Мәдінің звеносындағы пионерлер орыс тілін аса зер салып оқый бастады. Сабақ басталар алдында балалар бір үйге жыйналады. Біріне бірі сұрау қойып, оған жауап қайтарады. Бірінің білмегенін бірі айтады, бірінің хатесін бірі түзейді.

Сабақтан шыққан соң да олар бір жерге жыйналады, тағы да орыс тілін қолға алады. Мәді айтып тұрады, басқалар жат жазу жазады, түсініксіз сөздерді қайта-қайта айтып,

жаттығады. Орысша сөйлеуді үйрену үшін олар бірігіп кітап оқыйды, «Пионерская правда» газетіне басылған қысқа әңгімелер, өлең, мақалаларды қарайды. Әрбір пионер оқыған кітаптарының мазмұнын орыс тілінде айтады.

Звено осылайша көп күндер орыс тілін оқыды. Міне, III-тоқсанның ақырында бізде сын жұмысы болды. Барлығымыз да тынышсыздандық. Әрбір сөзді жазбас бұрын әрқайсымыз көп ойландық. Өйткені еш қайсымыз да звеноның абройын жойғымыз келмейді.


Ақырында сын жұмысымызды оқытушының қолына бердік. Бірінші, екінші, үшінші күндер өтті. Барлығымыз да сын жұмысының қортындысын асығыспен күттік. Міне, орыс тілінен беретін оқытушы класқа кіріп келді. Ол балаларға дәптерлерді таратып беріп жатып:

— Бүгін Мәдінің мақтануына болады. Оның звеносы тегіс бестік баға алды, — деді.

Оқытушының айтқаны рас болды. Мәдінің звеносындағы пионерлердің барлығының да дәптерлерінде бестік баға тұрды.

Секен БӘЗІЛБАЕВ.

Жамбыл облысы, Луговой ауданы, Калинин жетіжылдық мектебі.



Суретте:

Алматы селолық ауданы, Калинин қазақ орта мектебінің 8-класс оқушылары физика сабағында.

Суретті түсірген П. Редько.

Ж А С Е Г І Н Ш І Л Е Р

Еліміздің жүз мыңдаған жас ұландары жыл сайын жаз айлары кезінде ауыл шаруашылық жұмыстарына атсалысып, егістен, бау-бақшадан мол өнім алуға көмек тигізіп отырады. Бұл олардың игілікті дәстүріне айналды.

Жас пионерлер, мектеп оқушылары ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысқанда, тек ата-аналарына қолқабыс тигізіп қана қоймайды. Сонымен қатар олар еңбек етуге төселеді, пайдалы қорақ жұмыстарын орындауға тәжірибелерін арттырады, жаратылыс тану жөнінде көп нәрсені көріп біледі.

Республикамыздың көптеген пионерлері өздерінің жемісті еңбектерімен өткен жылғы ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде ерекше көзге түсті. Олардың бірқатары мыналар:



Пионер **Каниволоцкий Иван**, Ақтөбе облысы, Ключевой ауданындағы Приго-

родной орталау мектебі IV класының оқушысы жазғы демалыс кезінде «Прогресс» колхозында жұмыс істеп, 262 еңбеккүн тапқан, 1430 сарышұнақ тынықан жойған.

Пионер **Смирнов Владимир**, Ақтөбе облысы, Родинко ауданындағы Родников мектебінің оқушысы, оқу жылы бітісімен «Пролетарская революция» колхозында жұмыс істеп шөп шабуға, егін жыйнауға қатынасқан, комсомол ұйымының тапсыруы бойынша көлікшілер бригадасының қатарында болып, астық қабылдау пунктіне 450 центнер астық тасып өткізген, жаз бойы 186 еңбеккүн тапқан.

Пионер **Смарова Ақылжан**, Жамбыл облысы, Мерке ауданындағы «Қызыл Октябрь» орталау мектебінің VI класс оқушысы, 0,85 гектар қаңт қызылшасы егісінен 700 центнер өнім алған, жаз айларында 90 еңбеккүн тапқан.



Пионер **Қоқанбаев Қарабай**, Жамбыл облысы, Талас ауданындағы бостандық орталау мектебінің VI-класс оқушысы, оқу отличнигі, қол орақпен 2 гектар бидай орган, колхоз қырманнан дайындау пунктіне 118 центнер астық тасып жеткізген.

Пионер **Москалов Николай**, Талдықорған облысы, Сарқанд ауданындағы Сарқанд орталау мектебі V-классының оқушысы, жаз айларында арам шөп жұлу, шөп шабу, егін жыйнау жұмыстарына белсене қатынасып, 232 еңбеккүн тапқан.

Байсалов Талбек, Павлодар облысы, Леберж ауданындағы «Жаңа таң» мектебі III-классының оқушысы, дәнді егістерді арам шөптен тазарту ісіне қатысып, жұма сайын 3 гектардың орнына 4,5 гектар егісті арам шөптен тазартып отырған. Сондай-ақ масақ теру кезінде де нормасын 120 процент орындап отырған, 63 еңбеккүн тапқан.



Балалар, міне біздің жас достарымыздың өнегелі істері осындай.

Жуықта Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы жұмыстарына белсене қатысып, ерекше көзге түскен пионерлер мен мектеп оқушыларының бәріне сыйлық берді.

Қазақстан колхоздары мен совхоздары былтыр егіннен мол өнім алды. Ауыл-шаруашылығымыздың алдыңғы қатарлыларынан 190 адам Социалистік Еңбек Ері атанды. Халқымыздың бұл мақтанышына, бұл қуанышына жас ұландар да ортақ, бұған олар да қатты сүйсінеді.

Олар ата-аналарының, апа-ағаларының бйылғы жылы да еліміздің күш-қуатын, дәулетін артылта беру жолындағы түрліше егістерден мол өнім алуына қолқабыстарын барынша тигізеді.



СОҚЫР КҮЙШІ

(ҚОЙЫН ДӘПТЕРДЕН)

А. ЛЕКЕРОВ

Қайлу Манчжурияның ішкі Монғолиямен жапсарлас қалаларының бірі. Біз осы қалаға кіргенде, қала халқы бала-шағаларына дейін жыйналып қарсы алды. Қолдарында қызыл жалау, түрлі гүл.

— Шаньго!*

— Ура, — деп айғайласып, шу көтерді. Барлығының жүзінде зор қуаныштың ізі жатыр.

Жыйналған халық бұрын жапон жандармериясы тұрған үйге дейін бізді әкеліп салды.

Қала ішінен тілмәш іздегенде тапқанымыз, орыс тілін шала-шарпы ғана білетін монғол баласы Урьян Хасиго болды. Сол арқылы қаланың жалпы жағдайымен таныса бастадық.

Қайлу қаласының құнарсыз құм қойнынан орын тебуін де үлкен сыр бар көрінді. Бұдан 100—150 жыл бұрын Қытай үкметі ауыр қылмыстыларды құм қойнына үй ішімен жер аударып, сонда қала салуға, өз беттерімен күн көруге мәжбүр ететін. Әсіресе солтүстік Қытайда айдалған адамдардың күшімен салынған қала, селолар көп. Мына Қайлу қаласы да сол қалалардың бірі.

Қайлу қаласының сыртын қоршаған ұзындығы 6 километрдей, көлденеңі 4 километрдей қорған — ол Қытай қорғаны деп аталады. Бұл қорғанның қалыңдығы 4 метр, биіктігі 6 — 7 метр. Атқан оқ түгіл, снаряд өтпейтін берік бекініс. Осы қорғанның төрт құбыласында төрт үлкен есік. Сол есіктерді ұштастырған үлкен көшелер қаланы төртке қалқалып жатыр. Әрбір қытайдың үйі өз алдына күйімен қоршалған бір бекініс сыяқты.

Қаланың көшелерінде, сыртындағы тарам-тарам жолдарда илеудегі құмырсқадай қаптаған адамдар; қалқайған жастардың да, қалқақтаған көрілердің де тырбанып, өмірдің ауыр жүгін көтеріп келе жатқанын көресін.

Көпшілігінің мойнында ағаш күйенті. Сол күйентінің екі басында не теңделген шөп, не отың, не корзинкелер толы тезек, не сарымсақ, не басқа заттарды теңселіп көтеріп келе

жатқанын көресін. Ат-арбаларды өте сирек кездестіресін. Арбалары да арба сыяқты емес, екі үлкен дөңгелекті қобдйша бірденелер.

Қаланың сыртынан оймақтай бүтін жер көрінбейді, тіпті құм тауларының кеудесіне дейін тоқымдай бос жер жоқ. Соның барлығы қомшадай-қомшадай болып, алыстан бөлшектеліп көрінеді. Сол бөлшектерде жерге үңіліп тырбанып жұмыс істеп жүрген жас балаларды көргенде, жаның ашыйды. Олар таң сәріден, қас қарайғанша осы жерден бас алмайды. Осы қомшадай жерге кемінде 15-20 түрлі дән егеді, кешке дейін соны күтіп жүргені. Олардың осы тоқымдай жерден басқа сенерлері жоқ. Өмірлері осы жерге байланысты.

...Келесі күні кішкентай Урьянды ертіп, тағыда көшеге шықтық.

Базар шетінде бізді сырнайдың ащы күйі кілт тоқтатты. Сол күйдің ырғағында жаралы жандардың, зарлаған



*) Жақсы деген сөз.

ананың, жылаған жас балалардың мұны жатқандай еді.

Жыртық шапанға оранып отырған қытай шалы. Оның қасында сырнай тартып отырған жас бала. Алдарында тостағандай киіз тақия. Сол тақияның түбінде бір-екі жылтыраған бақыр ақшалар, кішкентай нанның қыпқымдары жатыр. Оларға ешкім көңіл бөлер емес. Жаннына келген адам тықырын сезіп, шал басын көтерді. Бет терісі сүйегіне жабысып қалған сыяқты. Жақ сүйектері сорапып, мойны ұзарып, қылқыйып кетіпті. Шал басқан жүзінде, түйілген қабағында әлде қандай үлкен сыр жатқан сыяқты. Ол бізге қарап:

— Мен қазір панасыз жанның бірімін. Жапондықтар көзімді алды. Көзсіз өмір бойымдағы күшімді алды,— деп жыламсырады.

— Жапондықтар көзіңізден қалай айырды,— деді жолдастардың бірі.

— Ол үлкен әңгіме, жаным, шыдап тындай алмайсыздар,— деді қарт.

Біз қалап сұраған соң, шал ұзақ әңгімесін бастады. Ол әңгімесін орыс тілінде айтты. Сөз орамынан оның көпті көрген, оқыған адам екендігі білініп тұрды. Жас кезінен музыканы сүйгендігін, әдейі ізденіп барып, Францияда музыка мектебінде оқығандығын, қытай халқының ең сүйікті күйін жазған композитор екендігін айтты. Шал музыка аспаптарының қайсысына болсын жақсы ойнайды екен. Бір кезде ол қасындағы балаға қолып созды. Ол бала қарт күйшіге алдындағы сыбызғыны ұсынды.

— Қазіргі барлық байлығым осы кішкентай қамыс. Оның тіліне ешкім түсінбейді. Кейде зарыққанда көңілімді көтеремін. Бірақ, ол маған азық болмайды. Көзімнен айырғанда осы қамыс,— деп ол ұшатын күстай ыйғын қомданып алып, күйқылжытып бір зарлы күйге басты.

Бұл күйді түсіне тындағандардың көз алдында үлкен сахна ашылды. Сол сахнада күм тауларының күшағында жапрақ жамылып, сабап төсеніп күнелткен қытай шаруаларының ауыр тұрмысы елестеді. Күй ырғағы олардың жапон жендеттеріне деген ызаларын көрсеткендей болды.

Соқыр күйші әңгімесін қайта бастап:

— Мен өмірімді ел кезіп жүріп өткіздім. Қырық екінші жылдың басында — жаңа жылда Чань-чун қаласына келдім. Ондағы ойым, қытай халқы жаңа жылды бір ай жұмыссыз тойлап тәңірге табынады. Осы тойға

жұрттың көңілін аулау үмітімен келдім. Мені бұрын білетіндер жақсы қарсы алды. Хұрмет көрсетті.

Қытай халқының әдетінде 6 январьда тайлы-таяғы қалмай көшеге шығады. Қолдарына түскен музыка аспабын ойнап, барабандар қағады. Көңілдерінің күйлерін жырлап, өлең айтады.

Осы той күні мына сыбызғыны ұстап, мен де көшеге шықтым. Чань-чун қаласының халқы көп жыйналатын алаңына келгенде, әлгінде өздеріңіз тыңдаған күйді ойнадым. Күйді естіген халық маңыма толқындай үйіліп, жыйналып қалса керек. Күй мұңлы көңілдерін қозғаған халық, қаланы төңкеріп жібергендей күшті үн қосты. Азаттық күткен ән мен күй жапондықтардың жүрегің түршіктірсе керек. Сол минутте жапондықтардың полициялары халыққа қасқырдай тиді. Қалың топты аттың бауырына алып, сабап қуа бастады. Жүздеген адам қаза тапты. Сол кезде жаяу полициялар менің қолымды байлап, кеңселеріне әкеліп қатты сабады, жауап алды. Есімнен танып, талып қалыппын. Есім кіргенде екі көзім тұз күйігандай ашыды, уақыттың қай мезгіл болғанын білмеймін, бетімді қараңғылық мүлде жапқанға ұқсайды. Менің бұл жағдайымды білген полициялар «көзсіз соқырдың қолынан не келеді» деген оймен, көшеге сүйреп шығарып тастады.

Бір мезгілде мені бір-екі адам қаумалап көтеріп, бір үйге әкелді. Сол үйде бір айдай жатып бойымды көтердім. Күн сайын таныс адамдар келіп, көңілімді сұрап тұрды. Ойран топырдың үстінде жоғалған сыбызғым табылды. Оған өте қуандым. Бұл кішкентай қамыс болғанмен, менің өмірімнің үлкен ескерткіші.

Мені қытай халқының хұрметтейтіндігін, топталып маған келіп тұратындығын білген жапон жаңдармдары маған Чань-чунь қаласынан кетуге бұйырды. Бұл хабарды білген достарым қаражат жыйнап беріп, мына панасыз баланы қосып, Чань-чуннен шығарып салды. Содан бері осы қалада өмір өткізіп келемін,— деп шал ауыр өкесі.

Аз уақыттан кейін ол қасындағы кішкентай баланың арқасынан қағып:

— Ендігі менің байлығым да, қуанышым да осы бала. Менің азаттықты аңсаған күйлерімді, алдағы бақытты ұрпақтарға жеткізер деп сенемін,— деді.

Оның қасындағы жас бала соқыр күйшінің қолындағы сырнайын алып қытай халқының «Көктем» деген күйін тартты. Сол күйдің ырғағында өмір көктемін аңсағандықтың сыры жатты.



О К У Ш ы Г А

Жатық мінез жайдары,
Сыпайы болсын қылығың.
Сөзіңнен сенің көріңсін
Даналығы ғылымның.

Ырық берме ашуға,
Шытынап кетер жарылып.
Кеңінен сал бейіліңді,
Қалма күйіп, тарылып.

Бірінді бірін кекетіп
Артылды деп күндеме!
Өзіннен үлкен ағаны
Сыйла, сөкпе, тілдеме!

Күн ұзарып, қар еріп
Келді міне көктем де.
Жазғы сынақ тақалды,
Таразы болар өткенге.

Қызыл, жасыл жайқалып
Жазғы гүл мен көктің де
Сәні кірді, балалар!
Күн нұры ұйып көркіне!

Дегендей жаз жеттің бе,
Мезгілі болды әр ненің,
Сабақтарың бітетін
Кездерің келді сендердің.

Оқыған қыстай сабақтан,
Бересің ертең емтихан.
Бес алар деп үмітті,
Саған жаным көрі атаң.

Кідірмей өтсең сұрақтан,
Мерейің үстем жыйында.
Білмей қалсаң, шырағым!
Бетке шіркеу қыйын да.

Өздерің үшін айтамын
Ал тілімді, ұрын да!
Жақсы бітір класты
Еңбектеніп быйыл да!

И. ЖЫЛҚАЙДАРОВ.
Халық ақыны.

„ДАУЫЛ“

Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы ақын Қасым Аманжоловтың екінші өлеңдер жыйнағын басып шығарды.


Қасымның алғашқы жыйнағы «Өмір сыры» деген атпен 1938 жылы басылды. Үстіміздегі жылы басылып шыққан «Дауыл» атты өлеңдер жыйнағына ақынның 1939 — 1947 жылдар арасында жазған азды-көпті өлеңдері кірген. Ақын бұл жыйнағында: ұлы атамыз жөнінде, еліміздің байлығы, табысы жөнінде, Сталиндік бесжылдықтарда істелген алуан істер, жеңістер жайында айтады. Совет халқының барлық тарихи жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы коммунистік партия, оның көсемдері Ленин мен Сталиннің бейнелері тамаша көрсетілген.

Ұлы данышпан әкелеріміз Ленин—Сталиннің халқымыз үшін еткен, теңдесі жоқ зор еңбектерін ақын тілін май ағыза безеп, ақындық жүрегің тебіреніп, оқушысының іші-бауырын елжіретерліктей әсерлі тенеулер мен бере білген.

Ақынның бойындағы ерекшелігі — қысқа өлеңдерді келелі пікірге, сюжетке құруда, жазу техникасын игерудегі асқан ұсталығында. Сөз өрнектерін келісті, орынды жерге үйлесімді етіп қолдана білуінде. Мысал үшін «Дауыл» деген 7 шумақты шағын ғана өлеңінде ақын еңбекші халықтың Октябрь революциясын асыға-құмарта күткен сағыныш күйін, Октябрь революциясының еңбекші халықтарға әперетін бостандық күшінің зор ролін, сол күшті үміттеніп, қызыға күткен езілген халықтардың сезімдерін шебер жырлаған. Октябрь революциясының екпіннің қазақ ауылына да жетіп, ескі стройдың шаңырағын талқан етіп, күлін көкке ұшырып, қазақ аулында Октябрь революциясының жеңгенін, Совет өкметінің орнағанын өте көркем суреттейді. Октябрь революциясының жеңісі арқасында, туысқан ұлы орыс халқының көмегі арқасында, жалшылықтағы еңбекші қазақ жастарының көк дауылдай кеуделі ер жетіп, жігіт болғанын ақын былай сыпаттайды:

«... Көшті дауыл керуені,
Ілестім де мен кеттім.
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім».
Міне, мұнан біз бір романның мазмұнын ұғамыз.

Қасымның өлеңдерінің желісі де, өзегі де, нәрі де Отанға деген шек-



сіз сүйіспеншілік, түпсіз берілгендік болып келеді.

Мысалы: — «Ленинше сүй елінді сен»

— Ленинше еңбек ет халқына.

— Ленидей бол! деген көсем,

Көсемше адал бол антыңа!»

дейді «Өз биігім — өз советім» деген өлеңінде.

«Ата мекен», «Алматы», «Қазақстан», «Бетпақ дала», «Жылырма бес», «Бөбегімін Лениннің» деген өлеңдерінде ақын халықтың ежелден көксеген арман тілегі, арман ағысы, келешектен күткен, талабын жыр етеді.

Бүгінгі күні сол халықтардың арман еткен алтын заманының тек біздің елде ғана жүзеге асып отырғандығы жер ұйықтай майы тамған бай жері бар, ол жердің тілін білетін, оған сай дана оқымысты ұл, қыздары бар, данышпан Сталин көсеміміз, әкеміз бар, бақыты асқан еркіндіктегі еркін ел екеніміз ақынның барлық шығармаларының да желісі дерлік.

Жастарымыздың арман етіп сүйегіне сіңіруге талаптанатын қасиеттері: революцияшыл алғырлық, Отанға берілгендік, жауға қарсы күресте жасқанбаушылық, қыйыншылыққа қайыспас жігерлілік, халық бұқара-

сының күшіне сенушілік Қасым шығармасынан үлкен орын алып отырады.

Ұлы Отан соғысы кезінде ақын ерлікті, патриоттықты дәріптеп, халықты батырлыққа, ерлік істерге шақырған бірталай әсерлі көркем өлеңдер жазды.

Ұлы Отан соғысында Александр Матросов, Төлеген Тоқтаров сыяқты қайсар батырлар елін дұшпанынан қорғап, анасының ақ сүті үшін борының өтеу жолында ерлік істермен қаза тапты. Соның бірі жауынгер ақын Абдолла еді. Оның батырлық кейпін:

Алыстағы нажағайдың,
«Қара түнгі қанатындай
Жарқ-жүрқ етті жүзінде айбын
Атылғандай ішінде жай», деп толғайды.

Ақынның ұлы көсеміміз туралы жазылған «Біздің дастан» атты жыры көпшіліктің көңілін ерекше аударған құнды шығарма, онда: Ленин — Сталин партиясының, әкеміз, данышпан Сталиннің елімізді жеңістен жеңіске бастап, совет елінің түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін гүлдендіріп зор табыстарға жеткізгенін қамтыды. Ұлы көсемдеріміздің халыққа әрдайым қамқорлық жасап отыратындығы айтылады:

«... Лениннің тұңғышымыз коммунистер,

Кімдер бар бізден ойлы, бізден іскер.

Қайтпайтын қайда салса — қажырлымыз

Әм басшы, әм жауынгер, әм жұмыскер.

Лениннің ортаңшысы — комсомолы,
Алып жас, алып түсер тисе қолы.
Біздерміз қуанышы халқымыздың
Жарқын жас көкірегі нұрға толы.
Лениннің ең кенжесі — пионері,
Келешек ғажап күннің иелері».

Қасым Аманжоловтың «Дауыл» атты жыйнағы қазақ поэзиясының соңғы кездегі құнды, үлкен табысының бірі болып саналады.

Балалар, бұл жыйнақты жеке-жеке де, ұйымдасқан түрде де оқып шығып, жыйнақтағы өлеңдерден совет жастарына тән қасиетті бойларыңа сіңіре, ойларыңа қондыра біліңдер!

Қ. ҚАСЫМБЕКОВ.



Оқушыларымыздың
сұрауларына
жауап

ПЛАНЕТА ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ НЕГЕ ОЛАЙ АТАЛҒАН?

Шу ауданы, Шу станциясы, 62-орта мектептің оқушысы Сәләш
Құлмағамбетовтың сұрауына жауап.

Ерте замандағы аспан зерттеушілер аспандағы жұлдыздардың арасында ұдайы орын алмастырып, кезіп жүретін бірнеше жарық жұлдыздардың бар екендігін байқаған. Олар бұл жұлдыздарды планета деп атаған. Бұл грек тілінде «кезеген» деген сөз.

Ерте заманда адам баласы аспанда тек бес планета ғана бар екенін білген. Олар: Меркурий, Венера (Шолпан), Марс, Юпитер және Сатурн. Бұл планеталар басқа жұлдыздарға қарағанда ашық жарқырайды. Сондықтан да оларды қараңғы түн-

де телескопсыз-ақ, көзбен көруге болады. Ал, қазір бұлардан басқа тағы үш планетаның бар екендігі анықталды. Олар: Уран, Нептун және Плутон. Бұл үш планета жай қарағанда көзге көрінбейді, сондықтан да олар көпке дейін жұртқа белгілі болмаған.

Планета дегеніміз — Жер сыяқты өте үлкен, қатты, суық, доп тәріздес дене. Планеталардың көлемі әртүрлі болады. Мысалы, ең үлкен планета Юпитер жерден 11 есе үлкен, ал Меркурий жерден 2,5 есе кіші.

Планеталар Күннен әртүрлі қашықтықта тұрады. Мысалы, Меркурий Күнге Жерден 2,5 есе жақын тұрады, Ал, Плутон Күнге Жерден 40 есе қашықтықта тұрады.

Планеталар да Жер сыяқты күнді айнала қозғалып отырады. Планета күннен неғұрлым алыс болған сайын, оның Күнді айналу мерзімі де соғұрлым ұзақ болады. Мысалы, Күнге ең жақын тұратын планета Меркурий күнді 88 тәулікте бір айналып шығады, ал Күннен ең алыс тұратын планета Плутон Күнді 249 жылда бір айналып шығады.

Күнді айнала қозғалып отыруымен қатар, планеталардың бәрі өз білігінен де айналып отырады.

Планеталардың өзінде жарық болмайды, олар да Жер сыяқты жарықты Күннен алады.

- Меркурий
- Шолпан
- Жер
- Марс
- Юпитер
- Сатурн
- Ұдай
- Нептун
- Плутон



ССРОНЫҢ БІРІНШІ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҚАШАН ШЫҚТЫ?

Жамбыл облысы, Луговой ауданы, Калинин жетіжылдық мектебінің оқушысы Секен Бәзілбаевтың сұрауына жауап.

1918 жылы 4 июль күні Советтердің Бүкілресейлік V съезі шақырылды. Осы съезде РСФСР конституциясы, былайша айтқанда, бірінші совет конституциясы қабылданды.

Жас совет елінің сыртқы және ішкі жауларға қарсы күрес жағдайында жасалған бұл бірінші конституциясы сол күрестердің қортындысы болды. Бұл конституция бойынша қанаушы таптар, яғни капиталистер мен помещиктер елге әкімшілік етуден мүлде ада болып, саяси еріктен айырылды. Мемлекет басқару ісі және өкмет билігі жұмысшы мен шаруалар-

дың қолына берілді. Ленин және Сталиннің басшылығымен жасалған осы бірінші советтік конституцияның өзінде-ақ демократизмнің ұлы принциптерінің негізі қаланды, совет азаматтарының праволары мен міндеттері жазылды, миллиондаған еңбекшілерді мемлекет басқару ісіне қатыстыру мәселесі айтылды.

Ал, 1936 жылы 5 декабрь күні Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде Советтік Социалистік Республикалар Одағының жаңа Конституциясы қабылданды.

ЖЕР ЖҮЗІНДЕГІ БИІК ШЫҒДАР ҚАЙСЫСЫ?

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, Жамбыл қазақ орта мектебінің оқушысы Хайролла Банаевтың сұрауына жауап.

Жер жүзіндегі ең биік шың — Гималай тауындағы Эверест шыңы. Оның биіктігі — 8884 метр. Бұл шың Қытай мемлекетінің территориясында тұрады.

Ал Совет Одағындағы ең биік шың — Памир тауындағы Сталин шыңы. Бұл шыңның биіктігі — 7.495 метр. Онан кейінгі биік шың сол Памир тауындағы Ленин шыңы. Оның биіктігі — 7.127 метр.

Соңғы уақыттарға дейін биіктігі жағынан үшінші орынды Хан-Тәңірі шыңы алады деп есептелетін және ол Тянь-Шань тауындағы ең биік шың деп саналатын. Оның биіктігі 7.000 метр еді. Бірақ 1934 жылы совет альпинистері Хан-Тәңірі шыңына шығып, оған жақын жерде тағы бір биік шыңның бар екенін байқаған. Географтар мен топографтар арнаулы аспаптармен сол шыңның биіктігін өлшеді. Ал ұшқыштар 9,5 мың метрлік биіктіктен шыңды суретке түсірді.

1946 жылы альпинистер асау ағынды өзендерді, қарлы шың, мұзды асуларды жеңе отырып шың басына шықты. Олар жаңадан табылған шыңның Хан-тәңірінің Оңтүстік-Шығыс жағында 16 километр жерде тұратындығын және биіктігінің 7.440 метр екенін анықтады.

Сөйтіп жаңадан табылған бұл шың Тянь-Шань тауындағы ең биік шың болып саналды және биіктігі жағынан Совет Одағына екінші орын (Сталин шыңынан кейін) алады.

Совет халықтарының Ұлы Отан соғысындағы тарихта теңдесі жоқ жеңісінің хұрметіне жаңадан табылған шың Жеңіс шыңы деп аталды.



Көктем Күні

Сөзі К. Борамбаевтікі

суреттері В. Нестеровтікі



отең - ақ тартар көзінді
Жайкалып ағаш жапрағы.

Гүл-бақшара бөлейік,
Құлпырсын жайнап үй маңы!



Қызыл, жасыл гүл егіп
Ырғалтайық шоқтарын.

Аялайық, балалар!
Гүлдің әрбір топтарын.



Деді дағы балалар
Етек-жеңін түрінді.
Көгерсін деп көктемде
Екті ағаш пен гүлінді.

Майда парад болғанда
Барамыз біз түзеп сап,
Қуанышты, көңілді
Түмен бірге гүл ұстап!